КСРО өзінің 70 жылдық тарихында ұлттардың, этникалық топтардың, аз халықтардың теңдігі мен құқы жөнінде жар салудан жалыққан емес, ал іс жүзінде халықаралық міндеттерді сақтау былай тұрсын, тіпті, конституциялық заң ережелері де орындалмады. Шынайы демократия болмағандықтан да заң әрқашан қағаз жүзінде қалып отырды. Тек егеменді Қазақстан Республикасы жағдайында ғана құқықтық мемлект құрудың шынайы мүмкіндігі туып отыр. Біздің жас мемлекетіміздің Конституциясында міне осы қадам тәуелсіз Қазақстанның демократиялық дамуының кепілі ретінде жүзеге асырылады.

Егемендігімізді алған 20 жылда өзіміздің Ата Заңымыз-Конституциямызды қабылдап, онда елімізді басқару жүйесін анықтап, құқықтық, зайырлы мемлекет болуға қол жеткіздік.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Еліміздің Негізгі заңы азаматтардың дәулетті де бақытты өмір сүруін, олардың тәуелсіз, экономикасы өркендеген мемлекет құру жолындағы әрбір қадамын реттейтін басты құжат болып қала берді», деп атап көрсетті.

Республиканың президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы қысқы мерзім ішінде әзірленді. Ол халық талқылауынан өтіп, 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдум арқылы күшіне енеді.

Конституция Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр.

Табиғи (ажырамас) құқықтар:

а) Өмір сүру құқығы. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш беру хақы бар (15 баптың 1,2-тармақтары).

ә) Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар Қазақстан Республикасында соттың санкциясыз ешкімді 72 сағаттан артыққамауға ұстауға жол берілмейді. Әрбір ұсталған, қылмыс жасаған деген айып тағылған адам адвокат алуға құқылы (16 баптың 1,2,3-тармақтары).

б) Адамның қадір-қасиетін қорғау құқығы. Мемлекетте ешбір азаматты азаптауға, оған қарсы қатыгездік, зорлық-зомбылық жасауға тыйым салынады. Мұндай әрекетке барғандар заң алдында қатаң жауапқа тартылады (17 баптың 1,2-тармақтары).

в) Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар (18 баптың 1-тармағы).

Саяси құқықтар мен бостандықтар

а) Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі (18 баптың 1-тармағы). Әркім заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқылы (20 баптың 2-тармағы).

ә) Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқығы бар (32 бап).

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы, Астана, 2008
2. Адам.Қоғам.Құқық. / құрастырушылар Жүкешов. Қ., т.б./ Алматы: Мектеп, 2009

3. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері. Алматы: Атамұра, 2003

4. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егеменді Қазақстан.-2011 жыл.- 29 қаңтар. 1-бет

5. Шәріпбаев О. Дамудың жаңа межесі// Семей таңы.-2011 жыл.-9 ақпан. 3-бет

С. Габаева

*Жоғарғы гуманитарлық-заң және техникалық колледжі
Ғылыми жетекшісі: М.С.Оқасов*

ЖАҢАША ТОПТАП ОҚЫТУ - ҚҰМАШ НҰРҒАЛИЕВ МЕКТЕБІ



**Құмаш
Нұрғалиев**

«Ауылдағы мектеп оқушылары қала ұстаздарының шәкірттерінен ешбір жағдайда кем болмауы керек»

Жаңашыл-педагог Құмаш Нұрғалиев Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындары мен жалпы орта білім беретін мектептерге КСРО халық мұғалімі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО халық ағарту ісінің үздігі, жаңашыл-педагог Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық мұраларына арналған «Заманауи білім беру жүйесі: өткен тәжірибе-болашаққа бағдар» атты облыстық педагогикалық оқуларында Құмаш Нұрғалиұлының өмір өткелін қысқаша баяндамаса болмас. 1957 -1988 оқу жылдары Құмаш Нұрғалиұлы мектеп директоры болды. Боран ауылында оқушылар санының артуы мен білім сапасының жоғарлауы-жаңа мектепті талап етті. Сол 1972 жылы салынған үш қабатты Боран орта мектебі Шығыс Қазақстан облысының көптеген ауылдық мектептерінің түсінде де көрмейтіндей жаңаша ғимарат еді. Жаңа мектепте жаңаша талаптар туындап, іске асырыла бастады. Мектеп оқушылары сапалы оқытудың әдістемесі Боран орта мектебінде 1976 жылдардан бастау алған, әрбір қатарда: үздік, жақсы және орташа болып

бөліп оқыту іс жүзінде болған еді. Шахмат пен дойбыны да оқушыларға үйірме ретінде оқыту және ән мен музыкалық тәрбиелеу де ерекше еді. Кабинеттік жүйеде оқу, техникалық орталықпен радио-видео жаңалықтары сабақтарда әрбір кабинеттен телефон арқылы хабарласып, жедел қосылып отырды. Кәсіптік білім беру де 1980 жылдары ерекше қолға алынған еді. Мектепте орта біліммен қоса хатшы –іс қағаздарын жүргізуші, электриктер, авто-жүргізуші және тракторшы-машинист мамандықтары қоса дайындады. 1984 жылы еңбек сабағын өндіріс орындарымен бірлесіп, орта және жоғарғы сыныптарда аптасына төрт сағат өндірістік және қоғамдық еңбек сабағы оқытылды. Мен сол жылдары осы Боран орта мектебінде еңбек сабақтарын қоғамдық және өндірістік еңбекпен ұйымдастырушысы болдым.

Қатарынан үш жыл-жаз айларында 9-10 сынып оқушыларымен үй құрылысы жұмыстарымен жазғы демалыста, саман кірпіш құйып үй салу жұмыстарын атқардық. Арнайы кабинеттер де ерекше сол кездегі заман талабына сай жабдықталушы еді. Боран орта мектебі Шығыс Қазақстан облысының ұстаздары үшін, әдістемелік оқу орталығы болды. Шығыс Қазақстан облысы ұстаздарын оқыту мен тәрбие семинарларын және Өскемен педагогикалық институтының студенттері, іс- тәжірибеліктен өту орталығы болды.



Құмаш Нұрғалиевтің кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындары мен жалпы орта білім беретін мектептерде ілімін жалғастырушы ретіндегі магниттік тақтада оқушылар білімін күнделікті бағалау үлігісі. Әрбір жеке оқушыға магниттік тақтада 200-300 квадрат шаршы есебінде қатардағы орындары бөлінген. Шаршының әрбір бұрышы сағат тілімен айнала «2»; «3»; «4» және «5» бағалармен белгіленген. Әрбір оқушының білім сапасымен шаршының белгілі бір бөліктеріне «2»-сарғыш; «3»- көк ; «4» -жасыл және «5»- қызыл түстерімен арнайы аттары жазылған диаметрі 3 см дөңгелек магниттер қойылған. Күнделікті бағалау үй жұмысын ескере, сараланып және оқушылармен бірге талқыланып қойылады. Оқушылардың оқу сапасының өзгеруіне байланысты, «2»-сарғыш жоғары «3» көкке немесе «4» жасыл келесі «5» қызыл түстерімен ауыстырылады.

Абай мұражайында тақталы ойындар көпсайысы

Абайдың 170 жылжығына арналған Республикалық шахмат пен дойбы жәннен төғызқұмалақ ойындары Абайдың «Жидебай – Бөрлі» Семейдегі қорық мұражайында өткізілді. Алғашқы күнгі шахмат пен дойбыға отыз және төғыз

құмалаққа отыз сегіз әр түрлі жастағы спортшылар қатысты. Қатысушылар Шығыс Қазақстан облысының аудандары Абай, Аягөз, Бесқарағай, Жарма, Ұлан, Тарбағатай және Астана, Өскемен мен Семей қалаларынан жиналды.



Суретте ортада Марклен Рахымжанов 25 жыл-зейнеткерлік жасқа дейін Боран орта мектебінде ұстаз болған, ал осы жарыста жүлдегер атанған еді. Қазақстан Республикасының аға жаттықтырушысы - Айнұр Жақапбаева тоғызқұмалаққа 1990 жылдары келгеннен, күре тамырға қан жүгіргендей болды. 2002 жылы кезекті ОҚО Кентау қаласындағы ҚР ардагерлер чемпионатында, алдағы 2003 жылдың Республикалық жарыстар күнтізбесіне қазақтың Мересьеві атанған-Құмаш Нұрғалиев атындағы Марқакөлде турнир өткізуге жол ашылды. Сол сияқты тақталы ойындар көпсайысы да, 2003 жылдың Республикалық ресми жарыстар ретінде қабылданып, киелі –Семей шаһарында бастау алды .



Ортада Айнұр Жақапбаева Қазақстан Республикасының аға жаттықтырушысы - бапкерлер тобымен шетелдіктерді үйретуге жол де ашты.

Ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақ, алпыс төрт шаршылы дойбы немесе «Шатраш» та осы Алтай Республикасы мен - Шығыс Қазақстан облысының ата-бабаларымыздан қанға сіңген төл, ұлттық тақталы зияткерлік ойынымызға жатады. Алтай тауларынан бастап, Тарбағатай-Сауырға қарасты елді мекендер мен бүкіл Семей өңірі дойбы мен шахмат тоғызқұмалақ десе, ішкен астарын жерге қояды.

Осындай аға буынан өкілдерінен тәлім алған Қазақ елінің жастары олардың қажырлы еңбек жолдарын өздеріне үлгі тұтуда.

Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, еш нәрсені ұмытпайтын... алғырда аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен әзгәләк көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болу керек. (Әл-Фараби.)



Mister Zadkiel Elder from America. He is economics teacher. Nowadays foreign teachers working in NIS (Nazarbayev Intellectual Schools). In this picture he playing chess with me, and he passion for togyskumalak .

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шахмат, дойбы және тоғызқұмалақ. Талап Сұлтанбеков. Алматы 75ж.
2. «60 - сабақ» Әбділдә Ақшораев. Астана қаласы.2016 жыл
3. Ардагерлер шахматы «Ақжолтай» №14-15 қазан 2019 ж. 6 бетте
4. Құмаштың мектебі” мен “Өлімді жеңген өмір”. Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық қызметі туралы кітаптар


А.Д. Дәулетбек, Ж.Қ. Нәспбеков
Жоғарғы гуманитарлы-заң және техникалық колледжі
Ғылыми жетекшісі: М. С. Оқасов

ТАҚТАЛЫ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР: «НЬЮ ФУТБОЛ», «АЛТАЙ ШАТЫРАСЫ» ЖӘНЕ «ПИРАМИДА»



Математика пәнін оқытудағы мақсат-оқушыларды қазіргі өндіріс жағдайындағы тәжірибелік іс-әрекеттерге дайындау. Болашақта білімді азамат болатын, іскерлікке, дағдыға үйрету. Олардың білімі математиканың кез келген саласында тиісті дәрежеге өсіп, жетілуін қамтамасыз ету. Бүкіл математика, мектеп бағдарламасындағы алгебра мен геометрияны оқыту жүйесінде аса маңызды бір бөлігі логикалық даму өрісі. Ұстаздарымыздың міндетті-шәкірттерінің көзқарастарын жаңаша оқибілу мен еңбекке, отан сүйгіштікке қалыптастырып тәрбиелеу болып табылады.

Логикалық ойындар, олардың ішінде ұлттық тақталы ойындарымыз: тоғызқұмалақ пен хан дойбысы, көне ата бабаларымыз ойнаған «Шатыра», қазақ шахматы «Балахан» т.б. мен бильярдшыларының «Пирамида» ойындарының ережелерін, жалпы қауымға сабақтан кейін -үзілістерде пайдалануға ұсынамыз.



Активити ойындары-сабақтан кейін не үзілістерде пайдалану


Үштік пирамида ойыныны -тақталы зияткерлік ойындардың жаңа туындысы, ШҚО Семей қаласында бильярдшылар үзіліс кезінде ойнайтын ермектері, ал тақталы зияткерлік ойыншыларға кезекті шыңдалу сабағы болып жүр. Сайысқа кез келген тақта немесе столда қатар тастар қойып, екі қарсылас құрама топтары ойнауға болады. Ол үшін тастар, үш қатарда үш түсті болса тіпті жақсы.




Суретте 12,13 және 14 тас қойылған егер жалғастыра берсек пирамида типтес болады. Негізінен көп тастар болса да, үштен артық қатарлар тізіп ойнауға болады. Бірақ үш қатармен ойнаған қарапайым және де ыңғайлы болады. Өйткені біздің суреттегі үш қатармен қойылған (12 **сары** + 13 **қызыл** + 14 **көк** = 39) тас жинау әрбір уақытта бола бермейді. Ең ыңғайлысы дойбы тастарының саны жиырма төрт болғандықтан, $24=7+8+9$ үштігін құрып ойнау.

Жеребе арқылы кезек анықталғанан кейін, алма кезек тек бір ғана қатардан, бір немесе бірнеше мүмкіндігінше бар тастан алып отыру керек. Кімде кім соңғы кезекте алу кезегінде қалса, сол жеңіледі. Жеңіске жетудің негізгі қағидалары үштік пирамида үшін, негізгісі үшеуін есте сақтасақ та жеткілікті деп есептейміз.

1). Екі қатарда жұп тастар қалтыру. Өйткені екі қатарда да екі тастан қалса ұтылыс, қарсылас екі тас алса біреуін алып соңғысымен қалдырарсыз, ал біреуін алса екінші-ақ қатардағы екеуді аласыз –ұтыс



2). Әр қатарда бірден қалдыру. Айтпасада түсінікті –біреуін ғана алуға құқылы, екі қатарда бір-бірден тек екеу қалады. Келесі соңғы кезек пен тағы біреу алып, қарсыласты қапы қалдырарсыз.




3). Кіші пирамида- үш, екі және бір тастар жыйынын қалтыру. Егер де біріншісі-көк қатардағы үш тастан бір тас алса, үшінші-сары қатардағы бір тасты алып, екінші қағидамен ұтыс. Егер де екінші-қызыл қатардан бір

тас алса, үш тастан екеуін алып-екінші қағида ережесімен тағы да ұтыс болады.

"New Fottball" -тақталы ойынының ережесі

1. Ойын мақсаты. 1.1.Барлық тақталы ойындар сияқты , екі адам немесе жақтас топтар ойнайды.



1.2. Ойын мақсаты-неғұрлым көп доп соғып, ал өзіңе мейлінше аз жіберу.

1.3. Ойын белгілі бір уақытта немесе шектеулі доп соғуға байланысты уақытқа ойналады.

45 минуттан 2 тайм, жылдам ойын 20-30 және блиц: 5-10 минуттан.

2.Ойнау тақтасы.

2.1. Тақта 16x24 ақ-қара шаршылардан тұрады: А,В,С...,М,Н,О,Р. әріптері 16 тік және 1,2,3,...23,24 сандары көлденең жолардар.

2.2. А 1-шаршы қара түсті. Айып алаңы 12x6 және қақпа -6 шаршы.

3.Фигурадардың орналасуы.

3.1. Бірінші команда:І1,К4,Ғ4,М6,Д6,Ј9,Г9,І12,Г12,Н12,С12.

3.2.Екінші команда:Н24,Ғ21,К21,Д19,М19,Г16,Ј16,Ғ13,К13,В13,О13.

3.3.Доп І 1-ші шаршыда тұрады.Ойынды бірінші команда бастайды.

4.Доп пен ойыншыларды қозғау.

4.1. Әр ойыншы өз фигуралары мен допты ғана қозғайды

4.2.Жүріс кезегі бес қозғалыс, ойыншы үшін алма кезек, тек әртүрлі өз футболистерімен жасауға ғана мүмкіндік береді.

4.3.Фигуралардың кез-келген бағыты бір қозғалысқа жатады.

4.4. Бір футболистпен 3-тен артық қозғалыс жасауға болмайды.

4.5.Доп тебу де бір қозғалысқа жатады.

4.6.Қақпанның алты шаршысы. 1-ші және 24-ші көлденеңіне тек қақпашы мен екі қорғаушыдан артық болмауы керек.

4.7.Жалпы айып аланын қорғауға, қақпашы мен ішіндегі төрт ойыншыға ғана рұқсат .

5. ГОЛ.

5.1.Егер қақпаның 6 шаршысын қиып өткен доп, ГОЛ-деп есептеледі.

5.2. Қақпаның ішкі диагоналын қиғаң доп гол да, ал сыртқы диагоналды қиғаң аутқа жатады.

5.3. Айып алаңы ішіне енген доп пен тебілген, голдар ғана есепке алынады.

5.4. Голдан кейін, доп енгізген ойыншы бастапқы тұрақты орындарымен, ортадан бастайды.

6. Доптың қозғалысы.

6.1. Доптан кейін тұрған ойыншы допты алдына қарай тебе алады, яғни өзінен допқа қарай барлық бағытта: тігінен де, көлденеңінен де, сонымен қатар диагональ да тебуге болады.

6.2. Доп кез-келген шаршы мөлшерінде, аутқа шықпай ұша алады.

6.3. Доп футболістен асып ұша алмайды, тек өзінің ойыншынан асыру үшін, кезекті қозғалыспен ойыншыңды алдын-ала қозғауға тиістісің.

7. АУТ

7.1. Доп 1-ден 24 арасындағы сандарға келсе, аут деп есептеледі.

7.2. Барлық футболістер орнында қалады, доп аутқа шыққан шаршыға қойылады. Қарсылас кез-келген ойыншысын алып, доптан кейінгі санға қояды да, допты ойынға қосады.

7.3. Допты көлденең тебуге иә болмаса, бір қозғалыспен келесі шаршылардан диагональ тебуге де болады. Алаңға қайта кіру үшін бір қозғалыс, кірмеген ойыншы да алаңның сыртындағы цифрларда тұрып та, допты тебуге болады.

Э. М. Джаксигильдинова

«Авиценна» жоғары медициналық колледжі, Семей қ.,

Ғылыми жетекшісі: А.А. Баелов

ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРГЕ ИНТЕРНЕТ-ТӘУЕЛДІЛІГІ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ

Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің жастарға теріс әсерін түсіну және алдын алу проблемасы бүгінгі уақытта мамандар (дәрігерлер, психотерапевтер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандар, психологтар мен педагогтар) үшін де, ата-аналар үшін де белгісіз болып табылады. Тұтастай алғанда, жастардың интернет-тәуелділігін төмендету жөніндегі шұғыл алдын алу шараларының қажеттілігіне қарамастан, тіпті мектеп оқушыларында осындай диагноз қою бойынша, әсіресе олардың пайда болуының алдын алу бойынша үлгі нұсқаулықтар әзірленбеген. Сондықтан, мамандар мен ата-аналар туындаған қиындықтар мен ғана емес сонымен қатар әлеуметтік желіге деген тәуелділікпен жиі кездеседі. Біздің зерттеуде алдын алу бағдарламасы, интернетке-тәуелді жастармен жұмыс жөніндегі маман үшін ұсыныстар, сондай-ақ осы саладағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның біліктілік сипаттамасы ұсынылады.

Қазіргі заманғы жасөспірімдерді тартатын әлеуметтік желілердің өсіп келе жатқан әртүрлілігімен байланысты. Соңғы уақытта жастардың бос уақытын өткізудің негізгі нысандарының бірі әлеуметтік желілерде уақыт өткізу болды[1]. Дүниежүзілік статистика бойынша, халықтың шамамен 50 %-ы қандай да бір әлеуметтік желіде тіркелген, ал кейбіреулері тіпті бірнешеуінде тіркеуде тұрады. Қазіргі уақытта мынадай әлеуметтік желілер бар: "Вконтакте", "Одноклассники", "Мой мир", "Instagram", "Facebook", "WhatsApp", "Badoo" және т.б. негізінен, әлеуметтік желілер жасөспірімдердің ерекше қызығушылығын тудырады. Мысалы, жастардың 94 % әлеуметтік желілерде сөйлеседі. Жасөспірімдер арасында интернет сауалнама нәтижелері бойынша олар шын мәнінде тәуелділікті тудырады. Ресейлік ғалымдардың пікірінше, бірнеше жыл бұрын Интернетке тәуелділік тек 26% - ды құрады. Бірақ интернетте әлеуметтік желілер пайда болғаннан кейін бұл көрсеткіш 4 есе өсті [2]. Осылайша, көптеген ғалымдар адамдардың интернет-тәуелділік мәселесін зерттеуге мүдделі. Әлеуметтік желілер мен олардың адам денсаулығына әсерін көптеген ғалымдар зерттейді: Кимберли Янг, Якоб Леви Морено, Н. Н. Алексенко, М. А. Шаталина, Л. О. Пережогин, Джеймс Шуровьески Стэнли Мильграм, Джеймс Барнсон, Е. В. Шумакова және т.б.

Жастардың әлеуметтік желілерге интернет-тәуелділігі психологиялық-педагогикалық қоғамдастықтың өткір ғылыми және тәжірибелік қызығушылығы мен алаңдаушылығын тудырмайтындығына карамастан, ғылыми әдебиетте бұл мәселелер жеткілікті әзірленбеген және жарияланбаған. Әлеуметтік желілерге, сондай-ақ жалпы интернетке тәуелді жастармен профилактикалық және терапевтік жұмыс түрлері туралы мәліметтер жүйелендірілетін оқыту құралдары мен ұсыныстар жоқ. Сондықтан 2018 жылы Семей қаласында зерттеу жүргіздік, ол жастардың әлеуметтік желілерге тәуелділігінің себептерін анықтауға мүмкіндік берді.

Біздің зерттеу барысында біз жастардың Семей қаласындағы әлеуметтік желілерге интернет-тәуелділік мәселесі өзекті сипатқа ие екенін анықтадық. Бұл Семей қаласының оқу мекемелерінде өткізілген ата-аналар мен жастардың сауалнамасының нәтижелерін көрсетті. Мысалы, ата-аналардың 89,3% - ы қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың жылдам дамуы себебінен жасөспірімдерде компьютерлік тәуелділіктің алдын алу бойынша қызметті қажет деп санайды.

Зерттеу барысында біз дамыған елдерде интернет-тәуелділіктен зардап шегетін адамдар үшін клиникалардың лицензияланғанын және ашылғанын анықтадық[3]. Ресейде де осы диагнозы бар адамдарды емдейді, бірақ негізінен дәрі-дәрмектік әдіспен және әртүрлі психикалық ауытқулардан зардап шегетін адамдарға арналған клиникаларда емдейді. Мұндай клиникалардың, мекемелердің немесе бөлімшелердің құрылуына байланысты тиісті кадрларға қажеттілік туындайды. Сондықтан қазіргі уақытта біз интернетке-тәуелді жастармен әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның ұсыныстары және біліктілік сипаттамасын әзірленді. Болашақта жастардың

интернет-тәуелділіктің алдын-алуға байланысты әдістемелік бағдарламасы құрастырылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шумакова, Е. В. Воспитательное пространство социальных сетей интернета / Е. В. Шумакова // Профессиональное образование. Столица. – 2011. – № 6. – С.39-40.
2. <http://vsetke.ru/post/20447276>.
3. “Астана ақшамы” газеті, Әлеуметтік желінің әлегі, Е.Сәтімбек 2016 7 мамыр
4. <http://flogiston.ru/articles/netpsy/minakov> (Психологический сайт)
5. www.wachprofile.org
6. Белинская Е., Жичкина А. Современные исследования виртуальной коммуникации: проблемы, гипотезы, результаты. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004.

Д. Н. Жакипбеков

*«Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қ.
Ғылыми жетекші: Д.М. Манарбеков*

ЭНЕРГИЯ- ЭНЕРГИЯ ҮШІН!

1. Тарих және түсінік
2. Шығыс өңірінің энергетика жағдайы
3. Шығыс энергетикасын дамытуға ұсынысым
4. Қорытынды

Адамзат ғасырдан ғасырға, жылдан жылға өткен сайын оның энергияға деген құлшынысы арта түседі. Тарихқа көз жүгіртсек адам баласы энергияны алу үшін тас және ағаш түрлерін қолдана отырып алатын. Одан кейін су және жел қозғалтқыштарын ойлап тауып, механикалық энергияның пайда болуына әкелді. Ең үлкен ауқымды жаңалықтардың бірі XVIII ғасырдың ортасында бу машинасының ойлап табылуы болды, ол отын түрін жандырудан пайда болатын жылу энергиясынан үлкен көлемдегі механикалық энергия түрін шығаруға қол жеткізді. Бу машинасы көптеген салаларда қолданыла бастады. Одан кейін XX ғасырда бу турбиналары қолданысқа кірді. Әрине бу турбиналармен қатар электр энергиясыда қолданыста болған болатын. Бірақта сол кездегі өндірістік орындарда бу турбиналары кеңінен қолданылды. Содан кейін олардың орнын толықтай электр энергиясы баса бастады. Электр энергиясын тарихын айта берсек ғасырларға созылған “Тоқтар соғысын” еске түсіруге болады. Сол ғалымдардың арасындағы ой

пікірлердің арқасында қазіргі ХХІ ғасырда өмірімізді электр энергиясыз елестету мүмкін емес.

Жалпы жоғарыда айтылған сөздерді қарасақ, бізде энергияның бірнеше түрі болды. Кинетикалық энергия, потенциалдық энергия, жылу энергиясы, электр энергиясы және тағы басқа энергия түрлері. Менің тақырыбым “Энергия- энергия үшін”. Яғни бір энергия түрін алу үшін басқа энергия түрі қажет дегенді білдіреді. Мысалы су электр станция алып қарасақ судың ағын күшімен механикалық энергия пайда болып, сол механикалық энергия бізде электр энергиясына түрленеді. Тағы мысал ретінде жылу электр станциясын айтуға болады, онда жылу энергиясы көмегімен электр энергиясын алуға болады. Тағы осындай мысалдардың бірнешеуін келтіруге болады.

Жалпы Энергия түсінігі туралы кішкене болсын мағлұмат алдық. Енді өз өңіріміздегі нақтырақ айтқанда Шығыс Қазақстан облысын айтсақ болады. Тағы нақтырақ Семей қаласы деп айтсам дұрыс болатын шығар. Себебі осы аймақтың тұрмыс ахуалын және энергетика жағдайын жақсы түсінемін. Біздің өңірде электр энергиясын Шульбі электр станциясынан алады және оның өзі аз деп есептелінеді, ал жылу энергиясын жылу электр станцияларынан немесе кейбір тұрғындар өз тұратын үйлерінде жылумен өздерің камтамасыздандырады, яғни пеш жағу арқылы. Осының барлығы шикізат көмегімен жүзеге асады. Ғалымдар қазірдің өзінде шикізат өнімдері таусылуға аз қалды деп зар салуда. Солай бола тұра біздің энергетикамыздың дамуы әлі де өзгеріссіз қалуда. Қала тұрғындары тұтынатын көмір бағасы және Шульба электр станциясы беретін электр энергия бағасы қымбаттамаса арзайтындай емес.

Бұл арада мен енді жай өңіріміздің энергетика жағдайын ғана айтып қойығым келіп тұрған жоқ. Бүгінгі энергетика туралы айтылды, енді айтылмаған нәрсе ол ертеңгі энергетика. Өңіріміздің ертеңгі энергетикасына жарқын көзқараспен қараймын. Себебі біздің өңір жалпы айтқанда энергетиканың дамуына жасалатындай жағдайдың барлығы бар. Биоэнергетиканы қолдана аламызба? Күн электр станциясын қолдана аламыз? Жаңадан шығып жатқан сутегі микропроцессорлар әдісін қолдана аламызба? Әрине, біз бұл энергия түрлерінің барлығын қолдана аламыз. Жоғарыда бір энергия түрі айтылмай қалды. Ол өте қарапайым және де онымен біздің Шығыс Қазақстанда көп қуатты электр станциясын құруға болады. Ол- жел электр станциясы.

Жел электр станциясы. Иә бұл жерде де “Энергия- энергия үшін”. Бұл жерде де механикалық энергияның көмегімен электр энергиясын алу. Жел энергиясының басқа энергия көздерінен экологиялық және экономикалық артықшылықтары көп. Жел энергетикасы қондырғыларының технологиясын жетілдіру арқылы оның тиімділігін арттыруға болады. Жел энергиясын тұрақты пайдалану үшін жел энергетикасы қондырғыларын басқа энергия көздерімен кешенді түрде ұштастыруға да болады. Қыс айларында жел күші көбейсе, жаз айларында азаяды, ал су керісінше, қыс айларында азайса, жаз айларында көбейеді. Сөйтіп, энергия өндіруді біршама тұрақтандыруға

болады. Бірақта біздің өңірде жаз айларында да желдің күші қатты азая қоймайды.

Семей өңірі маңайындағы Жаңғызтөбе кентін алатын болсақ, ол аймақта қыс және жаз кездерінде де жел күші төмендемейді. Қыста желдің орташа жылд. 40 м/с-тан, қаңтарда 70 м/с-қа дейін жетеді. Жаз кезінде қыс кезінің көрсеткішін 50 пайызын көрсетеді.

Желдің қанша жылдамдықта қанша қуат ала алатынымызды келесі көрсеткішті көре аласыздар:

| м/с | Вт/м ² |
|-----|-------------------|
| 1 | 1 |
| 3 | 17 |
| 5 | 77 |
| 9 | 477 |
| 11 | 815 |
| 15 | 2067 |
| 18 | 3572 |
| 21 | 5672 |
| 23 | 7452 |

Егерде дәл сол аймаққа біз Жел энергетикасын орнататын болсақ, Біз орташа есеппен 5000 Вт/м² 1 секундта аламыз деп септесек, біз бір тәулікте 43,2 М ВТ/м² электр энергиясын ала аламыз. Жылына 15,768 Г ВТ/м². Керемет көрсеткіш емеспе? Біз бұнымен тек Жаңғызтөбе ғана емес, сондай ақ Семей қаласын және жақын маңдағы ауыл аймақтарды энергиямен қамтамасыздандыра алады. Бұнымен біз қыста минералды шикізатқа тәуелді бола алмаймыз. Яғни жылуды осы электр энергисы арқылы аламыз. Себебі бізде бұл электр станциясы жалғыз жұмыс істемейді. Жоғарыда айтқандай басқа электр энергия көзімен ұштастыра аламыз. Ол айтылған Шульбі электр станциясы. Қосымша тағыда көрсеткіштерді жақсартқымыз келсе ол әрине болашақта басқада энергия көздерімен ұштастыруға болады. Бірақ экологиялық тиімдісімен әрине!

Қорытындылай айта кететін болсақ, біздің өңірдің энергетикасы әлдеқайда артта қалған, және бұл жағдайға көз жұмып қарауға болмайды. Себебі қазір қолданып жатқан мұнай, газ және Семейде әлі күнге дейін тәуелді болып тұрған көмір шикізаты олар күндердің бір күні бітеді. Сондықтанда біз сынды жастарға бұндай үлкен істерді дамыту үшін біз әрдайым қолдау сұраймыз. Себебі біз жастар өңіріміздің және еліміздің болашағы үшін қызмет атқарамыз!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстанның_энергетика_жүйесі
2. Энергетика: история, настоящее и будущее, Киев, 2005 ж.

ТӘТТІ ӨМІР СҮРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНБАЙДЫ

Әлемде жұмыс мамандықтарының үлкен таңдауы бар, мен өзім үшін өте қызықты және шығармашылық мамандықты таңдадым. Кондитер мамандығы – бүгінгі таңда кондитерлік тағамдар кәсібі танымал және сұранысқа ие болып саналады. Кондитерлер тәттілерді игеруге мамандырылған. Тұтынушылар өз жұмыстарының арқасында вафли, печенье, торт, шелпек, шokolod, желе, балмұздақ, джем сонымен қатар десерттер мен тоқаштардың басқа түрлерімен қуана алады. Қамырдың, кіремдердің әр түрлі түрлерін, сондай-ақ кейінгі пісіруге арналған жартылай фабрикаттарды дайындау-бұл кондитерлік мамандығының міндеті. Мамандықтың ерекшелігі кондитер жұмыстың маңызды бөлігін өз қолымен жасауы керек деп атауға болады. Көбінесе бұйымдарды (торттар, тоқаштар) безендіруге және әрлеуге қатысты. Кондитердің кондитерден айырмашылығы, ол жан-жақты шеберлігі бар шебер. Кондитерлік бағдарлама тәтті тағамдар және басқа да кулинарлық тағамдар даярлауды қамтиды. Кондитерліктің шеберлік деңгейін анықтау үшін мамандарды алты санатқа бөлу енгізілді. Шенінің жоғарлауымен, шебер өзінің кәсіби шеберлігін айғақтайтын және одан да күрделі тапсырмаларды орындауға көмектесетін қосымша дағдыларға ие болады.

Біріншіден. Кондитер өз мансабының басында дайын печеньелерді кесумен, жартылай фабрикаттарды жұмыс орындарына жеткізумен, құю мен кремдерді машиналарға тиеумен, сондай-ақ жабдықтың жұмысың бақылаумен айналысады. Барған сайын күрделі тапсырмаларды сондай бастаушы үлкен тәжірибесі бар шеберлердің қатысуымен ғана орындай алады.

Екіншіден. Мамандықты игерудің осы сатысында тұрған кондитер-аспазшыға кіремдер жасау, оларды бояу, сироптарды қайнату, печеньелерді кесу, оларды толтыру мен майлау сеніп тапсырылған. Кейбір жартылай фабрикаттарды пісіру, қамырды машинаға салу, оның жұмысың бастау және реттеуді жаңа піскен аспазшы да орындайды. Бұл мамандық қарапайым емес, сондықтан әрбір келесі санатты алу үшін шеберлер емтихан тапсыру керек.

Үшінші. Осы біліктілікті алған мастер кондитерлік және нан-тоқаш өнімдерінің қарапайым түрлерін жасай алады, кіремдердің, қамырдың кейбір түрлерін дайындай алады. Оған жартылай фабрикаттарды кесу, кәмпиттерді помада немесе глазурьмен безендіруге сенім артады.

Төртінші. Бұл деңгейде кондитерлік кәсіптің бағдарламасы шикізаттық барлық түрлерінен орама, печенье, торттардың жекелеген түрлерін дайындауға шеберлерді оқытуға көздейді. Сондай-ақ, олар тағамға сәйкес кіремдерді таңдай алады және күрделі кондитерлік өнімдерді (торттарды) безендіруді құрайтын жеке элементтерді дайындай алады.

Бесінші. Осы дәрежені алғаннан кейін кондитерлік тағамға қосымша міндеттер жүктеледі. Ол аға шебердің қадағалауында бола отырып, жеке тапсырыс бойыншы торттарды жасау процесінің дұрыс жүруіне жауапты. Әрқашан кәмпиттермен десерттермен тығыз байланысты кондитер аспазшы тәттілерді дайындаумен байланысты жұмысты бақылауға мүмкіндік алады, торттармен тоқаштарды күрделі әрлемелермен безендіре алады.



Алтыншы. Осы деңгейдегі маман күрделі және жоғары көркем кондитерлік өнімдерді жасай алады. Ол түсі мен өлшеміне сәйкес қажетті шикізаттарды тандай алады, олардың ішіндегі ең күрделісін өздігінен дайындай алады. Сонымен қатар, алтыншы сыныптағы кондитер тәттілерді дайындаудың технологиясы мен рецептісін жасай алады.

Болашақ мамандықты таңдағанда, оның барлық артықшылықтары мен шығындарын мұқият өлшеу керек. Мен таңдаған мамандығым, яғни тамақтануды ұйымдастыру. Колледж бітірісімен мен кондитер және аспаз, даяшы біліктерін қоса аламын. Аспаздар мен кондитерлер әрқашан сұранысқа ие, өйткені адамдар кем дегенде үш уақыт тамақтанады. Шебер өзінің біліктілігін арттыру арқылы керемет мансап құра алады және жақсы ақша алады.

Осы саладағы талантты жұмысшы үшін қызметкер ролінде немесе өз компаниясының иесі ретінде өзін-өзі жүзеге асырудың көптеген мүмкіндіктері бар.

Мамандығы көптеген қауіпті факторлармен байланысты кондитер-аспазшы сияқты мамандық туралы айта отырып, жарақат алу қаупін және бірқатар аурулардың пайда болуын атап өткен жөн. Іс жүзінде бүкіл жұмыс күні тұрақты қолөнер шеберлері аяқтар мен омыртқа буындарының зақымдалуына бейім. Жоғары температура мен ылғалдылықтың адам ағзасына әсері де қолайсыз. Өткір және ыстық заттармен байланыста болатын жарақаттар санын азайту үшін барлық аспаздар мен кондитерлер оқу кезінде де, жұмыс орнында да қауіпсіздік техникасы курсынан өтеді.

Тек осы жерде, колледжде түсіндім аспаз, кондитер болу қаншалықты қиын және жауапты екенін. Кондитерлік қолөнердің қыр-сырын толық меңгеру үшін келесі қасиеттерге болу керек:

- Иіс сезімі және нәзік дәм сезімдері дамыған;
- Қоспалар мен рецептерді есте сақтау үшін пайдалы тамаша жады;
- дамыған қиял

- қолдың ептілігі және әртүрлі жұмыс түрлері арасында жылдам ауысу мүмкіндігі (өйткені көптеген процестер мен операциялар бір уақытта орындалады);

- физикалық төзімділік.

Жоғарыда аталған қасиеттер лайықты біліммен үйлесіп, ас үйде сәтті жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Алайда, қарапайым кондитерлік шеберден асып, үздік маман болу үшін сіз көркемдік талғамсыз, тапқырлықсыз және шығармашылықсыз жасай алмайсыз. Сонымен қатар, кондитерлік тағамдар өз жұмысының барысында топ мүшелерімен және бастықтармен өзара әрекеттеседі, сондықтан олар шыдамды, өзін-өзі ұстай білетін, достық, қайырымдылық және көпшіл болып келеді. Жалқау, байқампаз және немқұрайлы жұмысшылар бұл қызмет саласында сәттілікке жеткізе алмайды.

Кондитерлік кәсіптің мемлекеттік білім беру стандарты студенттерге ақпарат берудің мазмұны мен процесін реттейді, сонымен қатар түлектердің нақты дағдыларымен дағдылары түрінде оқыту нәтижесінде анықтайды.

Кондитерлік шебер өзінің қабілетін білім алғаннан кейін наубайхана, тамақтану мекемелері (кафе, мейрамхана, асхана), сауықтыру лагерлеріне немесе санаторийге қабылдана алады. Сонымен қатар, барлық білім беру мекемелерінде кондитерлік өнімдер жұмыс істейді. Кондитерлік өндіріс шебері ретінде өндіріске жұмысқа тұруға болады.

Басқару қасиеттері бар кондитерлер үшін белгілі бір кәсіпорында мансаптық өсуі мүмкін. Олар ауысымның, цехтың немесе өндірістің жетекшілеріне айналады.

Жеке кәсіпкерлікте өз күштерін сынап көргісі келетіндер үшін жеке кондитерлік немесе наубайхана ашуға мүмкіндік бар.

Мамандық ерекшелігі:

- алғашқы өнімді алу;
- тамақ дайындау технологиясы мен рецептерін сақтау;
- пісіру процесін қамтамасыз ету: қажетті жабдықтарды дайындау, жартылай фабрикаттарды сатып алу;
- ас үй жабдықтарының жұмысын білу;
- санитарлық-гигиеналық стандарттарға сәйкес өнімді дұрыс есепке алуды және сақтауды қамтамасыз ету;
- өнімді өткізу.

Қортыңдылай келе кондитер мамандығы қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтардың бірі болып табылады. Жоғарыда айтып кеткендей бұл мамандықтың артықшылықтар мен кемшіліктері де бар. Кондитер-аспазшы болу үшін қабілетті және төзімді, шыдамды, есте сақтау қабілеті жақсы болу қажет. Мен бұл мамандықты таңдаған тағы бір себебім, менің болашақ жолдасым мен балаларым дәмді әрі дұрыс дайындалған тағамдармен тамақтанғанын қалаймын және өз отбасыма қалаған тағамды өзім дайындауды армандаймын. Мен колледж бітіргеннен кейін үйде бос отырып қалмаймын, аспаз, кондитер не даяшы болып жұмыс істеймін. Кондитер мамандығы-шығармашылықты қажет ететін нағыз өнер, қиял, тапқырлық,

шыдамдылықты қажет етеді және күнделікті өмірде пайдалы болатын дағдыларды беретін кәсіби қызмет.

Кондитер аса жауапты талап ететін жұмыс. Өйткені, ол көп нәрсені білуі керек және істей білуі керек, сонымен қатар белгілі қасиеттерге ие болуы керек. Жақсы аспазшының ой қиялы болуы керек, өйткені ол тек қана дәмді тағам дайындалумен шектеліп қалмайды. Ол тағамды талғамға байланысты әсемдеп, безендіріп тұтынушының тәбетін ашып, көңілінен шығатындай ұсына білу керек. Ең бастысы, аспазшы ас үйде тазалықты сақтау керек, әйтпесе ол кездейсоқ тамақты бұзуы мүмкін. Ал ең бастысы нағыз аспаз жақсы дәм мен иіс сезу қасиетіне ие болуы керек. Сол нағыз шебер аспазшының көз мөлшері де керемет болуы керек. Жақсы кондитер-аспазшылар болмаса, қазіргі өркениеттің бәрі болмас еді.

Қ. Ж. Қабылқожаева

«Авиценна» жоғарғы медициналық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Акимбаев А.К.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстанда қазіргі заманғы инфрақұрылым салаларының дамуына, соның ішінде туризмге үлкен мән беріледі. Туризм елдің тұтас өңірлерінің экономикасына ықпал етеді. Қазақстанның тәуелсіздік алуы туристік қызметті реттеу мен халықтың тарихи және мәдени мұрасын жаңғырту үшін негіз болып қаланды. Туризмнің тез және тұрақты өсуін, оның қоршаған ортаға, экономиканың барлық саласына және қоғамның әл ауқатына күшті ықпалын назарға ала отырып, үкімет туризмді Қазақстан экономикасының маңызды секторы деп санайды. Қазақстанның халықаралық туризмге енуінің өзіндік болашағы бары белгілі. Біздің әлеуетті нарықтарымыз - Ресей, Қытай, Еуропа, Таяу Шығыс. Шығыс Қазақстан облысының мәдени-танымдық туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктері бар. ШҚО-ның тек Қазақстандық қана емес, сонымен қатар әлемдік туристік нарықта әлеуетті бәсекеге қабілеттілігін көрсете алатын айырықша табиғи-географиялық, климаттық, мәдени-тарихи ресурстары бар. ШҚО туристік саласының дамуына байланысты Алматы мен Астана қалаларынан кейін 3-орынды иеленеді. 2020 жылдарға дейін Қазақстан Республикасының туристік саласын дамыту тұжырымында «Шығыс Қазақстан кластері «Табиғат таңғажайыптары әлемі» және экологиялық туризмді дамыту орталығы ретінде» белгіленгені жайлы айтылған. Оған туристік қызығушылық тудыратын 8 басты жер енгізілді:

1) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының нысандары;

2) Бұқтырма су қоймасы;

3) Ертіс өзені мен Зайсан көлі;

- 4) Катон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 5) Қалжыр өткелі;
- 6) Риддер-Анатау және Иванов таулары;
- 7) Алакөл көлі;
- 8) Семей қаласы.

Облыс өзінің туристік мүмкіншіліктері бойынша бірегейлі. Бірақ та сонымен бірге ол жетілмеген, бұл саланың әлеуметтік мүмкіншіліктері бүгін тек 15% ғана пайдаланылады, осыған байланысты белгілі бір түзетулер енгізуді талап етеді. Қазіргі уақытта бұл саланы дамытудың өңірлік бағдарламасы жасалып, бекітілген, соңынан оларда құрылыстардың бас жобасын жасау үшін демалыс аймақтарына тексеру жүргізілуде. Белуха тауына, Марқакөл, Зайсан көлдеріне, табиғи емдеу-сауықтыру көздеріне, қорықтарға және де басқа да бір туристік маршруттарды дамыта отырып, жаңа маршруттар ашу ойластырылуда. Облыстың рекреациялық ресурстары туризмінің отыздан артық түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Дүниежүзілік Туристік ұйымының зерттеулері мен облыстың қазіргі туристік мүмкіндіктерді қолдана отырып туризмінің екі даму бағытын бөліп көрсетуге болады. Бірінші, Ұлы Жібек жолындағы мәдени туризм. Ал, екіншісі біріншімен тікелей байланысты экологиялық, спорттық және емдік туризм түрлерін дамыту. Олар альпинизм, аңшылық, сафари, рафтинг және трекинг. Облыста тау турлары, суда жүзу, ат туризмі, велотурлар, автототурлар және басқа көптеген туристік маршруттар ұйымдастырылып өткізіледі. «Шығыс Қазақстан бойынша саяхат» атты маршрут автотуризмге арналған және де облыста тағы да басқа көптеген туризм маршруттары белгілі. Бұл маршруттарың көбі Алтай ауданында көбірек таралғаны бәрімізге мәлім.

Менің зерттеулерім бойынша қазіргі туристік саладағы қызметтер динамикасы:

| Жыл | Туристік ұйымдар саны | Орналастыру орындарының саны (резиденттер) | Шипажай сауықтыру объектісі | Туристтер саны |
|------|-----------------------|--------------------------------------------|-----------------------------|----------------|
| 2005 | 34 | 55 | 13 | 20815 |
| 2010 | 49 | 79 | 18 | 17446 |
| 2015 | 75 | 105 | 21 | 15894 |
| 2017 | 88 | 167 | 29 | 17659 |
| 2019 | 108 | 235 | 34 | 20533 |

2014 жылы шетелге демалушы туристер 7322 адамға азайып (37,8%), сондай-ақ аймаққа келіп демалушылар 162833 адамға (9,0 %) артқан. Бұл көрсеткіш ШҚО демалыс орындарындағы сервис қызметінің сапасының артып отырғанын көрсетеді. Облыс аумағында қазіргі уақытта 108 туристік ұйым, 16 туризм инструкторы, 117 орналасу орны, 84 демалыс аймағы, 34 шипажай сауықтыру объектісі, 14 ерекше қорғалатын табиғи аумақ тіркелген. Өңірде инновациялық инфрақұрылым құрылған және: технопарк

және индустриалды аймақ Алтай-Саян экологиялық аймақтың бөлігі болып табылатын Қазақстан Алтайының аумағы ерекше көңілге лайық.

Облыстың өңірлеріне тән 5 басты туризм түрлерін ерекше атап өтуге болады:

- экологиялық туризм (Катонқарағай, Күршім аудандарында және Риддер қаласында);
- мәдени – танымдық (Семей қ., Абай және Ұлан аудандары);
- емдеу сауықтыру (Катонқарағай, Үржар аудандары);
- жағажай (Зырян, Ұлан, Күршім аудандарында);
- тау шаңғысы (Глубокое, Зырян аудандары және Риддер қаласы);

Бүгінгі күні туристік саланың алдында тұрған біршама өткір проблемалар: әкімшілік кедергілер, маркетинг, жеткілікті қаржыландырудың болмауы, талаптарға сай туризм инфрақұрылымының болмауы, коммуникациялар жоқ және де тарихты білетін экскурсоводтар жеткіліксіз.

Негізгі проблема стандарттарға сәйкес келетін инфрақұрылымының болмауы, тұрғын үй мен тамақтандырудың төмен сапасы, қызмет көрсету сапасы және деңгейінің сәйкессіздігі, сондай-ақ жағалау аймағының экологиялық мәселелері болып табылады.

Осы айтылған мәселелерді келесідей түрде оларды шешу жолдарын ұсынуға болады: спорттық секциялардың ашу мен оларды дамыту; таулы гид-жолсеріктерінің мектебін ашу; еуропалық үлгі бойынша тау курорттарының кешенді дамуы мысалға: жолдар, қонақ үйлер, гидтер, құтқарушылар; өзіміздің Отанымызда туристік және альпинистік құрал-жабдықтарды шығару; туризмнің әйгіленуінің ақпараттық саясатын қалыптастыру; жаңа деңгейдегі БАҚ, ғаламтор-ресурстары, әлеуметтік желілерге, журналдарға шығару. Облыста 3,8 млрд. теңгелік 44 жобаны жүзеге асыру қолға алынды. Бұл қаржы жоспарланған нысандарды көтеріп, сервистік қызметтің сапасын арттыруға жұмсалмақшы.

Жалпы қорыта келгенде, ШҚО туризмінің даму мәселесі көп. Бірақ оны шешу жолдары, оны дұрыс ұйымдастырудағы шаралар барлығы мемлекет, үкімет тарапынан бағдарламалар негізінде қарастырылып отыр. Тағы да мемлекеттік бағдарламалардың ресми түрде ғана жазылып, бірі жүзеге асып, екіншісінің іс жүзінде аспауы қатты өкіндіреді. Дегенмен оған қарамастан, мемлекет тарапынан бағдарламалар мен жобалар жасалып, жеке кәсіпкерлердің ат салысуымен облыстың туризмінің мүмкіншілігі істе қолданылып жатса өте жақсы болушы еді. Республиканың қазіргі туристік нарығындағы жағдай маркетингті қолдануды, жана тұтынушының басты ерекшеліктерін зерттеуді, туристік қызметтерді, қолданушының уәждемесі мен мінез-құлық ерекшеліктерін айқындауды талап етеді. Сол себепті туристерге арналған экспресс-жолсілтеуші ақпараттық өнімдерді дайындаудың маңыздылығы айқындалады. Туризм түрлері бойынша жеке маршруттар немесе аралас маршруттарды талапқа сай ұйымдастырса ғана, осы салада жетістіктерге жетуге болатыны шындық.

ЖЕЛ ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Жиырма бірінші ғасырдың келуімен энергетикалық қиыншылық адамзаттың басты қиыншылығының біріне айналды. Бұл қиыншылық бір жағынан еліміздегі отын қорымен де байланысты, бірақ көмірді жағу ең жақсы сүзгіні пайдаланғанның өзінде де атмосфераға зиянды заттардың орасан зор көлемін шығаруға әкеледі. Дәл осы себептен қазіргі энергия көздерін алмастыратын жаңа альтернативті энергия көздері ұдайы ізделіп, өңделіп отырылалды. Желді пайдалану - альтернативті энергия көзінің бір нұсқасы болып табылады. Іштен жану қозғалтқышын ешкім білмеген кездің өзінде де жел адам өміріне энергия көзі ретінде енді, ал электр найзағай түрінде ғана болды, желдің күші әртүрлө құрылғылар мен жабдықтардың жетектері үшін ұтымды түрде пайдаланылды. Желкенді кеме, жел диірмендері және көтергіштер жел күшімен жұмыс жасаған. Бірақ уақыт өте келе өзінің тұрақсыздығымен және де күшінің ұдайы өзгеріп отыруының салдарынан басты энергетикалық шикізат болып саналатын жел ұмытылып, бу қозғалтқыштары мен іштен жану қозғалтқышымен, электр қозғалтқыштарымен алмастырылды. Жел энергетикасы - жел энергиясын механикалық, жылу немесе электр энергиясына түрлендірудің теориялық негіздерін, әдістері мен техникалық құралдарын жасаумен айналысатын энергетиканың саласы. Ол жел энергиясын халық шаруашылығына ұтымды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырады. Елімізде арзан электр энергия көздерін іздеу мақсатында, “Қазақстанда 2030 жылға дейін электр энергиясын өндіруді дамыту туралы” мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, жел күшімен өндіретін электр энергиясы қуатын халық шаруашылығына қолданудың тиімді жолдары қарастырылуда. Қазақстанда жел күшімен алынатын электрэнергиясы қуатын кеңінен және мол өндіруге болады. Республикамыздың барлық өңірлерінде жел қуаты жеткілікті. Жел энергиясының басқа энергия көздерінен экологиялық және экономикалық артықшылықтары көп. Жел энергетикасы қондырғыларының технологиясын жетілдіру арқылы оның тиімділігін арттыруға болады. Жел энергиясын тұрақты пайдалану үшін жел энергетикасы қондырғыларын басқа энергия көздерімен кешенді түрде ұштастыру қажет. Республиканың шығыс, оңтүстік-шығыс, оңтүстік аймақтарында су электр станциялары мен жел электр станцияларын біріктіріп электр энергиясын өндіру өте тиімді. Қыс айларында жел күші көбейсе, жаз айларында азаяды, ал су керісінше, қыс айларында азайса, жаз айларында көбейеді. Сөйтіп, энергия өндіруді біршама тұрақтандыруға болады. Алматы облысының Қытаймен шекаралас аймағындағы 40-ендікте Еуразия мегабассейніндегі орасан зор ауа массасының көлемі ауысатын Орталық Азиядағы “жел полюсі” деп аталатын

Жетісу қақпасындағы желдің қуаты мол. Ол - екі таудың ең тар жеріндегі (ені 10 - 12 км, ұзындығы 80 км) табиғи “аэродинамикалық құбыр” болып табылады. Қақпа Қазақстанның Балқаш - Алакөл ойпатын Қытайдың Ебінұр ойпатымен жалғастырады. Осы жердегі жел ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде оның электр энергиясын өндіруге өте тиімді екені анықталды. Қыс кезінде желдің соғатын бағыты оңтүстік, оңтүстік-шығыстан болса, жаз айларында солтүстік, солтүстік-батыстан соғады. Желдің орташа жылдамдығы 6,8-7,8 м/с, ал жел электр станциялары 4-5 м/с-тан бастап энергия бере бастайды. Желдің қарама-қарсы бағытқа өзгеруі сирек болуына байланысты мұнда турбиналы ротор типті жел қондырғысын орнату тиімді. Желдің жалпы қуаты 5000 МВт-тан астам деп болжануда. Бұл өте зор энергия көзі, әрі көмір мен мұнайды, газды үнемдеуге және, әсіресе, қоршаған ортаны ластанудан сақтап қалуға мүмкіндік береді. [1]

Жел энергетикасы қондырғысы - жел ағынының кинетикалық энергиясын энергияның басқа түріне түрлендіретін техникалық құрылғылар жиынтығы. Жел энергетикасы қондырғысы арнайы қолданыстық (сорғылық немесе су көтеруші, электрмен зарядтаушы, диірмендік, су тұщыландырушы, т.б.) жел энергетикасы қондырғысы және кешенді қолданылатын жел энергетикасы қондырғысы (жел электр станциялары) болып ажыратылады. Жел энергетикасы қондырғысы жел қозғалтқышынан, электр тогы генераторынан, олардың жұмысын басқаратын автоматтық құрылғыдан, оларды орнату және қызмет көрсетуге арналған құрылыстардан, ғимараттардан тұрады. Желсіз күндерде жұмыс жасауы үшін резервтік жылулық қозғалтқышпен, аккумулятор батареяларымен, гелиоқондырғылармен толықтырылады. Әдетте, жел электр станциясы тұрақты ток генераторларымен жабдықталады. Ол аккумулятор батареяларын зарядтайды. Ал тұтынушыларға қажетті айнымалы ток инвертор деп аталатын арнайы құрылғыдан алынады. Инвертор тұрақты токты айнымалы токқа түрлендіретін құрылғы болып табылады. Жел электр станцияларын жел жиі тұратын жерлерде, орталықтандырылған электрмен жабдықтау тораптарынан қашық орналасқан ауылдық мекендерде, далалық, шөлейтті, т.б. жерлерде қолданады. Жел энергетикасы қондырғысының қуаты 100 кВт-тан бірнеше МВт-қа дейін жетеді. Ең қуатты (3МВт) жел энергетикасы қондырғысы Германияда салынған (1983). Қазіргі кезде бірлік қуаты 15 МВт-қа дейінгі жел энергетикасы қондырғысы жобалануда.

2008 ж алғанда бүкіл әлемдегі шельф электр станцияларының жиынтық қуаты 1471 МВт құрады. 2008 ж бүкіл әлемде 357 МВт шельф қуаты тұрғызылған. Ірі шельф станциясы - Миддельгрюден (Дания) электр станциясы, оның орнатылған қуаты 40МВт. [2]

Бірінші жүзбе электр станциясының құрылысы. Жүзбе жел турбинасының алғашқы прототипін 2007 ж желтоқсанда H Technologies BV компаниясы тұрғызды. Қуаты 80 кВт жел генераторы теңізде жүзге платформада Оңтүстігі Италия жағалауы жағынан 108 метр теңіз тереңдігінде орнатылған.

Statoil Hydro норвегия компаниясы 2009 ж қыркүйегінде қуаты 2,3 МВт жел генераторының демонстрациялық нұсқасын салды. Nuwind атты турбинаның салмағы 65 метр биіктікте 5300 тонна құрады. Ол Карма аралынан 10 км қашықтықта, норвегияның оңтүстік - батыс жағалауына жақын жерде орналасқан.

Бұл жел генераторының болат мұнарасы су астына 100 метр тереңдікке кетеді. Су астында башня 65 метрге көтеріледі. Ротор диаметрі 82,4 м. Жел генераторының башнясын тұрақтандыру үшін және оны қажетті тереңдікке түсіру үшін оның төменгі жағында балласт орналасқан (күм және тас). Башняны теңіз түбінде зәңгірекке бекітілген трос ұстап тұрады. Электр энергиясы жалғауға су асты кабелімен беріледі.

Компания келешекте турбина қуатын 5 МВт-қа жеткізуді, ал ротор диаметрін 120 м-ге дейін жеткізуді жоспарлауда.

Жер үстілік жел электр станциялары қазіргі кезде ең кең тараған және биік жерлерде төбелерде орнатылады. Жағалаулық жел электр станциялары ұдайы жел соғып тұратын теңіз беп мұхит жағалауларында салынады. Жүзбе жел электр станциялары жағалауда шамамен 12 км қашықтықта жүзбе платформада, теңізде орналасады. Жел электр станцияларының кемшілігі жұмыс кезіндегі шу деңгейі жоғары болады. Сонымен қатар құстардың маусымдық жаппай ұшып келуі кезінде жел электр станциялары уақытша өшіп қалады.

Жел электр станциялары мачта, жел турбинасы, бұрылатын құрылғы, генератор және аккумулятор батареясынан тұрады. Үш қалақшалы жел турбинасы неғұрлым кең таралған қалақша саны басқаша да болуы мүмкін. Турбинаның сынуын болдырмау үшін айналу жиілігін тұрақтандыратын аэромеханиканың жүйе өңделуде.

Электр энергиясын өңдейтін жел электр станциясының генераторы жел турбинасымен трансмиссия арқылы немесе тікелей жалғанады. Әрбір жел электр станциясына бұрылмалы механизммен жабдықталған, оның көмегімен жел турбинасын жел бағытына байланысты бұрып отырады. [3]

Жел электр станцияларын пайдалану экологиялық қиындықтарды аз болса да жеңілдетуге мүмкіндік береді. Жел электр станциясы - жерден 30-60 метр биіктікте орнатылған генераторының жүйесі. Жел электр станциясының бірнеше түрлері болады. Жер үстілік, жағалаулық және жүзбе.

Алайда энергияның экологиялық таза көзінің де кейбір проблемалары болады (теледидарға бөгет болатын ультра-дыбыстық сәуле шығарады; жануарлар әлеміне, әсіресе құстарға және т.б. теріс өсер етеді). Мысалы, Голландияда теңіз жағасында 3 километр ұзындыққа жел қондырғыларының батареясы орналастырылған. Бұл жерде биіктігі 36 метр, ұшқалақты роторының диаметрі 25 метр болатын конус тәрізді темірбетон мұнара салынған. Голландияда жыл сайын электр берілісі желісінен шамамен 40 мың ірі құс, ал көктемгі және күзгі ауу кезінде, егер электр берілісі сызығы құс қайту жолын қиып өтетін болса жылына 70 мыңға дейін (электр берілісі сызығының 1 километріне шаққанда) құс өлетіні есептелді. Осыған ұқсас

жағдай Калифорнияда да болған. Мұнда АҚШ-та жел агрегаттарымен өндірілетін барлық энергияның шамамен 90%-ын 16 мың жел қондырғылары өндіреді. Алайда, жалпы жел энергиясы бірқатар шетелде өндірілетін электр энергиясының 5-10%-ын ғана береді. Жел энергиясын одан әрі дамыту қазба отын пайдаланылатын дәстүрлі электр станциялары шығаратын ластағыш заттектер шығындыларын болдырмауға мүмкіндік береді. [4]

Қорыта айтсақ, әлемдегі дамыған елдердің экологиялық жағдайлары атмосфераны ластамайтын альтернативті энергия көздерін өндеуді талап етеді. Бұл - заманауи ғылымның дамыған бағытты. Жел электр станциялары – осылардың бірі. Олар ауа массасының кинетикалық энергиясын электр энергиясына түрлендіреді. Бұл өте зор энергия көзі, әрі көмір мен мұнайды, газды үнемдеуге және, әсіресе, қоршаған ортаны ластанудан сақтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі күнде Қазақстанда да жел энергетикасына басты назар аударылуда, келесі жылу электр станцияларын атап өтуге болады: Алматы облысының Қапшағай қаласындағы қуаты 4,5 МВт ЖЭС – «Аннар»; Жамбыл облысы Қордай ауданындағы қуаты 53,75 МВт ЖЭС (кезең-кезеңмен енгізу, 2016ж. - 26,4 МВт) – «Ветро Инвест» ЖШС.

Қазіргі күнде елімізде жиынтық қуаты 295,7 МВт құрайтын энергияның жаңартылған көздерін пайдаланатын 50 кәсіпорын жұмыс істейді (СЭС - 139,8; ЖЭС - 98,2; КЭС - 57,3; биогаз қондырғысы-0,35). [5]

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ энциклопедиясы, 3 том
2. Интернет сайты: [ru.Wikipedia.org>wiki/ Ветроэнергетика](http://ru.wikipedia.org/wiki/Ветроэнергетика)
3. Интернет сайты: all-generator.ru>text/power-wind.shtml.
4. А.Қ.Құсайынов Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. – 456 бет. ISBN 5-7667-8284-5
5. Энергетика и электрооборудование журналы №1(51), 2018. – 23 бет.

Б. Құсманова

*«Электротехника колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Г.К.Тлеумбетова*

МЕНИҢ МАМАНДЫҒЫМ – МЕНИҢ МАҚТАНЫШЫМ

Бұл өмірде адам үшін өміріндегі ең маңызды құбылыс, ол - оның болашақ мамандығы. Мен өз мамандығымды 9-сыныпта таңдадым. Мамандық таңдау - бұл өте маңызды іс. Өйткені біз өзіміз таңдаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз. Түркі тілдес халықтың "жеті рет өлшеп, бір рет кес" деген нақыл сөзі мамандық таңдау мәселесіне

сай келетіндей. Осы орайда мен Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласындағы "Электротехника колледжі"2 курс студентімін таңдаған мамандығым бағдарламашы. Бұл мамандықтың тағы бір ерекшелігі – тек бағдарламашы ғана болып қоймай, қазіргі кездің ең басты құралы болып тұрған компьютердің барлық мүмкіншіліктерімен танысып, оқып, үйреніп шығасың. Болашақта үлкен мамандық иесі болатынын арман-дамайтын бала болмайды. Алғашқы кезде біздің ойымызда «Қоғамға, адамдарға пайда сын тигізетін мамандық ты қалай таңдауға болады?» деген сұрақ болды. Бірақ әркім өзі ұнатқан мамандығына оқуға түседі. Ал өз еркімен түспейтіндер менің ойымша өте кем. Менің таңдаған мамандығым – программист болу. Программист – арнайы математикалық модельдеудің көмегімен компьютерлік бағдарламаларды және алгоритмдерді құрастыратын маман. Бұл мамандықтың тағы бір ерекшелігі – тек бағдарламашы ғана болып қоймай, қазіргі кездің ең басты құралы болып тұрған компьютердің барлық мүмкіншіліктерімен танысып, оқып, үйреніп шығасың. Менің арманым – қазіргі кезде Қазақстанның гүлденген, бүкіл әлемнің назарын өзіне аударған сәтінде дамыған елдермен қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсуде кішкене болсада өз үлесімді қосу. Қазір ХХІ ғасыр – Нағыз техника заманы. Сол себепті студенттерге барлық мүмкіншіліктер жасалып отыр, барлық жерде су жаңа компьютерлер орнатылған, жаңа әрі түсінуге оңай кітаптар жазылып шығарылды, арнайы қосымша оқу курстары ашылған.

Менің арманым – қазіргі кезде Қазақстанның гүлденген, бүкіл әлемнің назарын өзіне аударған сәтінде дамыған елдермен қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсуде кішкене болсада өз үлесімді қосу. Қазір ХХІ ғасыр – Нағыз техника заманы. Сол себепті студенттерге барлық мүмкіншіліктер жасалып отыр, барлық жерде су жаңа компьютерлер орнатылған, жаңа әрі түсінуге оңай кітаптар жазылып шығарылды, арнайы қосымша оқу курстары ашылған. Бағдарламашы - дербес, орнатылатын, өндірістік және басқа да компьютер түрлеріне арнап бағдарламалық жасақтама ойлап табумен, яғни бағдарламалаумен айналысатын маман. Ертелі-кеш көптеген өндіріс орыны мен ұйымда автоматтандыру мәселесі туындайды. Және басқарушылардың көбі заамнауи ақпараттық технология жетістіктерін пайдалануға талпынады. Дәл осы себепті бағдарламашыны басқарушының қалауы мен бүгінгі күнгі жоғары технологиялар әлемі ұсынатын өнімдер арасында делдалдық қызмет көрсететін кеңесші деуге болады. Бағдарламашы компьютер туралы білуі керек - бәрін. Мен компьютер ойнамаймын, бірақ мен әртүрлі, маңызды бағдарламалармен айналысамын. Бұл мамандық маған қатты ұнайды, мақсатыма жетемін деп сенемін.

Бағдарламашы мамандығы қаншалықты маңызды? Менің ойымша, ол өте маңызды және жауапты. Қазір барлық ауруханалар, банктер, мекемелер, кеңселер күнделікті қызмет көрсетуді қажет ететін компьютерлермен жабдықталған. Мұнда көптеген банктер, ауруханалар және басқа мекемелер бар. Сондықтан бағдарламашылар кем болмауы керек. Бұл мамандық қазіргі кездегі ең сұранысқа ие мамандықтардың бірі екен. Оның үстіне, бұл Ресейде

ғана емес, басқа елдерде де сұранысқа ие. Мен таңдаған мамандықтың мүмкіндіктері мен болашағы мені қуантады. Бағдарламалау саласын үнемі жетілдіріп, жаңарта отырып, бағдарламашы болу қаншалықты қызықты, бұл жай ғана таңқаларлық. Материалдық тұрғыдан алғанда, бұл мамандық өте жақсы төленеді. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар ерекше қарқынмен дамуда. Осыған орай мен өзімнің болашақ мамандығымның маңыздылығы мен қажеттілігін атап өткім келеді. Бағдарламашы болу өмірдің әр саласында сұраныс тудыруда. Ол ғылым мен техниканың заманауи талаптарға сай өркендеуіне жол ашты. Бұрынғы уақытқа қарағанда қазір еңбек күшін адамдар емес технологиялар алмастырып, соның нәтижесінде өнімділік күрт артты. Ал оларды іске қосу бағдарлама аясында жүзеге асады. Жер беті мен асты түгіл ғарыштық зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау осы мамандардың арқасында жасалады.

Мен болашақ мамандығымды қалай көремін: мен кеңседе компьютерде отырамын. Мен әртүрлі бағдарламалармен жұмыс істеймін. Менің жұмыс үстелімде құжаттар бар көптеген папкалар бар. Барлығы маған сұрақтарымен, кеңестерімен жүгінеді. Мен өз ісімнің маманы болу үшін бәрін жасауға тырысамын. Бағдарламашы мамандығы көптеген мүмкіндіктер бере алады деп ойлаймын. Компьютерлер - заманауи технологиялардың ең жылдам өзгеретін саласы. Біз ақпарат заманында өмір сүріп жатырмыз. Менің ойымша, болашақ тек компьютермен толтырылған. Бұл мамандық мені алысқа жетелейді мен оған нық сенемін оқып жатқан оқу орнымда тек сапалы білім береді сол біліммен армандарым орындалатынына сенемін. Кішкентай кезімнен армандаған мамандық енді мақтанышыма айналды. Ия қазіргі заман талабындағы мамандық екені сөзсіз. Бірақта әр мамандықтың өз қиыншылығы болса да төзе білу сонда ғана мақсатын орындалады.

Ойымды қорытындылайтын болсам, менде осы кісілер сияқты қоғамға пайдамды тигізетін азаматша болғым келетінін айтқым келеді. Мамандық иесі болу үшін алдымен білім мен қабілет қажет. Өйткені білім арқылы адамның қабілеттілігі артады, ал қабілеттілік білікті маман болуына өз үлесін тигізеді. Және сол үшін білім алуға барлық күш-жігерімізді жұмсап, жұмыс жасайық дегім келеді. Мен мамандық таңдаудан қателеспегеніме сенімдімін. Егеменді еліміздің ертеңі – болашақ маман иелері болу өз қолымызда екені даусыз.

Ж.Н. Нұрбеков

«Электротехника колледжі» КМҚК. Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: Ш.Ә. Шынарбек

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУДЫ ЕНГІЗУ

Зерттеу мақсаты:

Шығыс Қазақстан аумағындағы электр желілер кешеніне, энергетикалық нысандарға цифрлық трансформациялауды жүргізу.

Өзектілігі:

Заманауи цифрлы технологияға негізделген цифрлық трансформациялауға басымдық беру. Жүйе электр энергиясымен қамту сапасын арттыруға айтарлықтай әсер етеді. Бұл технологияларды жүзеге асыру электр торабының негізінде Шығыс Қазақстан Облысының интеллектуалды энергожүйесіне сай келетін платформаны құруға мүмкіндік береді.

Кіріспе

Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді өнім өндіруді арттыру, міне, осы мақсат.

Цифрландырудың маңызын осылай түсіндірді. Ендеше, қоғамның барлық саласын цифрландыру маңызды міндет. Осы тұста, электр энергия саласын цифрландыруға басымдық беріле бастады.

Электр энергетикасы саласының нысаналы жай-күйі энергетикалық жүйенің одан әрі зияткерлендіруімен (Smart Grid) сипатталады. Зияткерлік энергетикалық жүйесі орнықты, бейімді, экономикалық тиімді, сенімді және қауіпсіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында өзінің барлық қатысушыларының іс-әрекетін басқару қабілетіне ие болады.

Зияткерлік энергетика жүйесін құру және оның тиімді жұмыс істеу міндеті электр энергетикасының барлық қатысушыларын қозғайды: генерациялау, беру, бөлу, өткізу, тұтыну және жүйелік операциялық әрекеті. Осыған байланысты, бірыңғай техникалық саясатқа сәйкес таратушы желілер мен электр станцияларын бір зияткерлік энергетикалық жүйесіне интеграциялау үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін жаңа жабдықтарды қолдана отырып, кешенді жаңғырту жүргізу қажет[1].

Негізгі бөлім

Электр желілік кешенін цифрлық трансформациялау бағдарламасы шеңберінде энергия объектілері, электр қондырғылары туралы ақпаратты QR-кодтау бойынша жоба ұсынылады.

Бұл қосымшаны смартфонға жүктеп алуға қолайлы. Яғни, қалта телефонындағы Play Маркеттен «QR-код» қосымшасын жүктеп алып қолдануға мүмкіндік бар.

QR-коды бар тақтайшалар электр желілеріне, қосалқы станцияларға, қондырғыларға орналастырылады.

1-сурет. Сыртқы қондырғының жиынтық тарату құрылғысы (КРУН)

2-сурет. Әуе желілері – 0,4/10 кВ және сыртқы толық трансформаторлық қосалқы станция (КТПН)

Техникалық сипаттамалары, қосылу схемалары, өндірістік нұсқаулықтар және өзге де нормативтік құжаттары туралы ақпараттарды бағдарламаға енгіземіз.

QR кодтарды құрастыруға арналған онлайн сервистер көптеген түрлері бар. Осы жобада қолданылған негізі бағдарлама mobizon.kz/qr-codes айрықша танымал генераторлардың бірі болып табылады. Бағыттауы – кодтау түрі (мәтін, сілтеме, визит карточкасы немесе sms-хабарлама).

3-сурет. 10кВ әуе желісіне QR код құрастыру

4-сурет. Бір желілі сызбаға QR код құрастыру

5-сурет. Толық трансформаторлық қосалқы станцияға (КТП)

QR код құрастыру

Мобильді құрылғымен сканерлеу барысында кіргізілген мәліметтерді мамандандырылған web-порталға сілтеме бойынша өтіп көреміз.

6-сурет. Күштік трансформаторға QR код құрастыру

Ақпарат алудың жаңа тәсілі бірқатар артықшылықтарға ие.

Біріншіден, ол кез-келген электр жүйелерін оңай, тез және дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, орналастырудың қарапайымдылығымен сипатталады – негізгі деректер әрқашан қолында, кез-келген мобильді құрылғылармен оқылады.

Үшіншіден, электр жүйелеріне текеру жұмыстарын жүргізу барысында QR-кодтау өте тиімді. Себебі ұялы байланыс телефонына ақпараттарды сақтауға болады.

Қорытынды

«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ электр энергиясын 0,4–110 кВ тарату желілері арқылы беруді және жаңа тұтынушыларды қосуды қамтамасыз етеді. ШҚО электржелілік кешенінде қатысу үлесі 90% - дан асады, бұл энергия жүйесінің тұтастығы туралы айтуға және тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасының қалыпты деңгейін қамтамасыз ететін тиімді цифрлық трансформациялауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек.
2. <http://ekrec.kz/ru/about/2015-05-19-09-32-57>

М.С. Ожаева

*«Электротехника колледжі» КМҚК Семей қ.
Ғылыми жетекшісі: А. К. Жакипова, Ж.Б. Шаяхметова*

БИОГАЗ ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Биогаз-биомассадан алынатын биоотынның бір түрі. Биомассадан өндірілетіндіктен, ол жаңартылатын энергия көздерінің біріне жатады.

Биогаз тірі организмдердің (органикалық заттардың) биологиялық материалынан алынады және ол оттегі болмаған кезде осы органикалық заттың биологиялық ыдырауы процесінде қалыптасады. Биогазды қалалық органикалық қалдықтардан, кеспеағаш қалдықтарынан, өсімдік материалдарынан, қидан және басқа да көздерден алуға болады. Биогаз негізінен метан мен көміртегі диоксидінен тұрады және де онда күкіртсутегінің аз мөлшері болуы мүмкін.

Биогазды энергияның баламалы көзі ретінде пайдаланудың қажетті шарты - қоспалар мен ылғалдан тазарту. Осыдан кейін ғана ол сығылған табиғи газдың толыққанды алмастырғышы болады. Егер өнімдегі метанның мөлшері 98% - дан артық болса, оны "биометан" деп атайды. Биометр табиғи газ сияқты қасиеттерге, артықшылықтарға және мүмкіндіктерге ие.

Биогаздың негізгі үш көзі бар: ағынды суларды тазарту өнімдері, органикалық қалдықтар және мал шаруашылығы фермаларының қалдықтары. Биогаздың ең үлкен үлесі мал шаруашылығы фермаларынан келеді

Биогаз қондырғысы - көптеген элементтерден тұратын күрделі құрылғы. Биогаз қондырғысы - бұл:

- Өсіп келе жатқан тарифтерден, сондай-ақ газ бен электр энергиясын жеткізудегі мүмкін болатын іркілістерден тәуелсіз болу;

- Бір мезгілде бірнеше энергия ресурстарын – электр энергиясын, жылууды, газды, мотор отынын алу мүмкіндігі;

- Органикалық қалдықтарды таза суға, биогумус және құрамында азотты және фосфорлы құрамы жоғары минералды тыңайтқыштарға бөле отырып кәдеге жарату мәселелерін толық шешу;

- Ауыл шаруашылығы өндірісінің жаңа, жоғары рентабельді түрлерін ұйымдастыру мүмкіндігі;

- Өзгермелі нарықтық жағдайларда компанияның бәсекеге қабілеттілігінің негізі.

Ауыл шаруашылық биогаз қондырғылары жұмыс барысында төрт түрлі сатыны пайдаланады:

1. Шикізатты тасымалдау, жеткізу, сақтау және алдын ала өңдеу

2. Биогаз өндірісі

3. Ашыту нәтижелерін сақтау, белгіленген нормаларға сәйкес келтіру және пайдалану

4. Биогазды сақтау, белгіленген нормаларға сәйкес келтіру және пайдалану

Фермерлік шаруашылықтарда қарапайым конструкциялы шағын реакторлар жергілікті тұтынуға электр энергиясын өндіру және жылу өндіру үшін биогаз шығара алады. Мысалы, биогаз қондырғысы 500 сауын сиырдан тұратын табыннан күніне 30 текше метр қи өңдей алады. Реактордың газын электр энергиясының қозғағыш-генераторының отыны ретінде пайдалануға болады. Бұл ретте мұндай түрдегі реактор осы табынға қажеттіден қарағанда көп электр қуатын өндіруге және ыстық су алуға мүмкіндік береді.

Биогаз қондырғысының энергетикалық және экономикалық тиімділігі үшін алынған жылуды пайдалану маңызды мәселе болып табылады. Биогаздан алынған жылуды ғимараттарды және үй шаруашылықтарын (шағын-жылу желілері немесе орталық жылыту) жылыту үшін пайдалану тағы бір нұсқа болып табылады, бірақ ол жылу энергиясына деген бірқалыпсыз сұраныспен ерекшеленеді: жаз мезгілінде сұраныстың төмендігі және қыс мезгілінде жоғары болуы. Жылу сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдары мен ағаш жоңқаларын кептіру үшін немесе ашыту өнімдерін бөлу және одан әрі өңдеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Әдетте, жылудың бір бөлігі реакторларды жылыту үшін (технологиялық жылу), қалған бөлігі, барлық өндірілген энергияның шамамен 2/3 бөлігі - сыртқы қажеттіліктер үшін пайдаланылады. Жылу өнеркәсіп процестері, ауыл шаруашылығы өндірісі немесе үй-жайларды жылыту үшін пайдаланылуы мүмкін. Ең қолайлы тұтынушы - жыл бойы жылу энергиясын тұрақты тұтынушы ретінде өнеркәсіп. Жылу энергиясының сапасы (температура) өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін маңызды өлшем болып табылады.

Жылу өндірумен қатар газ қондырғылары өз қажеттіліктері үшін, зауыт, ет комбинаты, фермалар үшін пайдаланылуы мүмкін немесе жалпы тарату желісіне сатылуы мүмкін электр энергиясын өндіру мүмкіндігін ұсынады. Өз қажеттіліктері үшін электр энергиясын өндіру оны желіден сатып алумен салыстырғанда әлдеқайда арзан, ал оны сатқан жағдайда баламалы энергия көздерінен өндірілген электр энергиясы үшін тиімді тарифтерді пайдалануға болады. Биогаз органикалық қалдықтарды өңдеу кезіндегі ілеспе өнім болып табылатындықтан, қондырғыны пайдалану шығындары тек жабдықтарға және сервистік қызмет көрсетуге арналған аударымдармен байланысты болады. Кірістер жалпы желіге электр энергиясын сату және тыңайтқыштарды сату есебінен жылу, электр энергиясына үнемделген қаражаттан тұрады.

Биогаз канализациялық жүйелерде, ЖЭО газ қозғалтқышында электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылуы мүмкін, мұнда қозғалтқыштан шығарынды жылуды биогаз реакторын қыздыру үшін пайдалануға ыңғайлы; тамақ дайындау; үй-жайларды жылыту; суды және технологиялық процестерді қыздыру үшін де пайдалануға болады. Ол сондай-ақ ішкі жану қозғалтқышы үшін немесе отын элементтері үшін отын ретінде, көлік құралдарында пайдалану үшін сығылған табиғи газды ауыстыра алады. Биогаз метаны шоғырлануы және қазбалы табиғи газ сапасының стандарттарына дейін жеткізілуі мүмкін. Тазалау процесінен кейін ол биометанға айналады.

Биогаз өндірісінің айтарлықтай өсуі байқалады. 2010 жылы Еуропада 5900 қондырғы (2300 МВт) пайдаланыста, ал 2018 жылдың соңына қарай шамамен 12400 қондырғы (5800 МВт) салу жоспарланған.

Біздің планетамызда бар биомассаның ресурстары бізге биогаз өндірісінің жаһандық мүмкіндіктері туралы түсінік бере алады. Бұл әлеуетті

эртүрлі сценарийлер мен болжамдар негізінде эртүрлі сарапшылар мен ғалымдар бағалайды. Сарапшылар мен ғалымдар бағалаудың жалпы нәтижесінде биогаздың потенциалды энергиясының өте аз бөлігі ғана қазіргі уақытта пайдаланылатынын және биогаздың нақты өндірісі айтарлықтай ұлғайтылуы мүмкіндігін болжайды.

Жануарлардың экскременттерінен алынған метан; энергия өндіру үшін өсірілетін дақылдар; қалдықтар өндірісінің нақты потенциалы 2007 жылы 5,9 млн.тонна нақты өндірумен салыстырғанда 2020 жылы шамамен 40 млн. тоннаны құрайды. Тауарлық дақылдар (сатуға арналған) биогаз өндірісінің потенциалын айқындау кезінде есепке алынбаған және қосымша мүмкіндіктер береді. 2020 жылы биогаз Еуропадағы табиғи газ өндірудің үштен бірінен астамын немесе тұтынудың шамамен 10% - ын жаба алады.

Еуропада биомассаның энергиясын пайдаланудың жалпы мүмкіндігіне келетін болсақ, онда биогаз 2007 жылғы 7% – бен салыстырғанда биоэнергияның жалпы өндірісінің 15 - 25%- ын құрауы мүмкін. Энергетика үшін биомассаның потенциалы қазіргі уақытта оны пайдаланудан әлдеқайда көп, алайда бұл потенциал жергілікті, өңірлік, ұлттық және халықаралық деңгейлердегі қызметтің арқасында өсуі тиіс.

Биогаз үлкен потенциалға ие. Қазір өндіруші компаниялардың иелері, мемлекеттік көшбасшылар мен кредиторлар баламалы энергетиканың осы саласын дамыту үшін бірігуі үшін қолайлы сәт.

Биогаз энергетикасы -магистральдық табиғи газға және орталықтандырылған электрмен жабдықтауға сенімді және экономикалық тиімді балама.

2018 жылғы 6 наурызда ірі қазақстандық тауық жұмыртқасын өндіруші "Қазгер-Құс" ЖШС мен украиндық "Аккорд Лтд" компаниясы арасында келісімшартқа қол қойылды. Қызмет саласы биогаз энергетикасы саласында консалтингтік қызметтер көрсету болып табылады.

Келісім-шарт биогаз кешенін салуды көздейді, ол экологиялық және экономикалық тұрғыдан алғанда құс фабрикаларының қалдықтарын кәдеге жарату міндетін шешуге ғана емес, сондай-ақ парниктік газдардың атмосфераға шығарылу деңгейін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді. Осындай биогаз кешенінің құрылысын "Қазгер-Құс" ЖШС Бас директоры Борис Оздоев ойлап тапты.

Кәсіпорынның түпкі өнімдері жасыл электр энергиясы және Қазақстанның ауыл шаруашылығына жетіспейтін сертификатталған органикалық тыңайтқыштар болады. Келесі кезеңде сұйық азық-түлік көмір қышқылын өндіруді ұйымдастыру болжанады.

Егер бұл жоспар жүзеге асырылса, жоба әлемдегі барлық биогаз энергетикасы үшін бірінші және бірегей болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Баадер В., Доне В., Бренндерфер М. Биогаз. Теория и практика.

2. Василев Р.Г. Теория и практика. Получение и применение биогаза как источника топлива.
3. Интернет сайт: [ru.m.wikipedia.org/wiki/ Биогаз](http://ru.m.wikipedia.org/wiki/Биогаз)
4. Реддих И.А. Биогазовые установки. 1996.
5. Шомин А.А. Биогаз на сельском подворье. 2002
6. Энергетика и электрооборудование журналы №1(51), 2018.–23 бет.

А.Согурбаева

ШҚО ББ «Глубокое техникалық колледжі» КММ

Ғылыми жетекшісі: К. Айдархан

ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Тақырыптың өзектілігі: Экологиялық құрылыс-соңғы он жылдықтағы сәулет-құрылыс саласының ең өзекті бағыты. Оның пайда болу себебі әлемдік қауымдастықтың планетаның экожүйесін бұзудағы адамның рөлін білуі болды. Қазіргі заманғы қалалар (дәлірек айтқанда ғимараттар) қоршаған ортаны ластаудың негізгі көздерінің бірі болып табылады. Сарапшылардың мәліметтері бойынша, бүкіл әлемдегі ғимараттар барлық бастапқы энергияның 40% - ын, электр энергиясының 67% - ын, шикізаттың 40% - ын және ауыз су қорының 14% - ын тұтынады, сондай-ақ көмірқышқыл газының барлық шығарындыларының 35% - ын және қатты тұрмыстық қалдықтардың жартысына жуығын өндіреді.

Зерттеу саласы: құрылыс.

Зерттеу пәні: құрылыстағы жасыл технологиялар.

Мақсаты: құрылысқа жасыл технологияларды қолданып, еліміздің құрылыс сапасын жақсарту, табиғый ресурстарды тиімді пайдаланып, экологияны қорғау.

Зерттеу әдістері: ақпарат жинау, талдау, жалпылау, теориялық материалды зерттеу, зерттеу жүргізу.

Гипотеза: Құрылыстағы жасыл технологиялар бұл ең алдымен экологиялық таза материалдар, құрылыс процесі кезінде табиғи ресурстарды қысқарту, сондай-ақ ғимараттардың сапасын арттыру, олардың қауіпсіздігі және қоршаған ортаға және адам денсаулығы мен жайлылыққа қамқорлық жасауға әсер етпейтін зиянды құрылыс пен материалдардың болмауы.

2. Негізгі бөлім.

Жасыл құрылыс термині өткен ғасырдың 70-ші жылдары пайда болды. Содан кейін отын дағдарысы нәтижесінде мұнай бағасы 4 есе өсті. Осыдан кейін барлық тауарлар қымбаттады және жаңа тренд ретінде салауатты өмір салты мен қоршаған ортаның тазалығын насихаттайтын барлық ұйымдар мен қозғалыстар құрыла бастады. Мұның бәрі әртүрлі салаларда, атап айтқанда құрылыста ғылыми, инженерлік және конструкторлық әзірлемелердің дамуына ықпал етті. Дамыған елдерде барлық жерде "таза" Құрылыс және

әрлеу материалдары мен баламалы энергия пайдаланылған "экологиялық" үйлер пайда бола бастады.

Нәтижесінде мемлекеттік деңгейде энергия тиімділігінің маңыздылығын түсіну қалыптасты, мемлекеттік қолдау пайда болды. "Жасыл құрылыстың" мақсаттары мен міндеттері тұжырымдалды. Экологиялық таза құрылыстың стандарттары мен ережелері пайда болды. Сондай-ақ климаттың өзгеруін болдырмау және көмірқышқыл газының шығарылуын азайту үшін ұлттық және үкіметаралық деңгейлердегі қозғалыс пайда болды. Ғимараттардың даму үрдісі нөлдік әсермен және қоршаған ортаға нөлдік шығарындымен басталады.

Жасыл технологиялар біз үшін және экологиямыз үшін болашақ екені сөзсіз. Қазіргі сәулет-құрылыс барысында біз көбінесе экологияға және денсаулығымызға зиян келтіретін арзан материалдарды қолданамыз.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жалпы мемлекеттік саясаттың дамуына қарамастан, жасыл құрылыс Қазақстанда әлі өзінің кең дамуын алған жоқ.

Үкімет бағдарламасы шеңберінде экологиялық, энергия тиімді құрылысты дамыту мақсатында Қазақстанда жасыл стандарттарды әзірлеу және енгізу және жасыл тұрғын үй құрылысын дамыту бағыты іске асырылуда.

Уақыт талабына сай біздің жас әрі жылдам дамып келе жатқан еліміз үшін бұл өзекті мәселе. Жасыл құрылыс бизнестің, инновациялық технологиялар мен экономиканың дамуын ынталандыратындықтан, қоғамның өмір сүру сапасы мен қоршаған ортаның жай-күйін жақсартады.

Жасыл құрылыс, жасыл ғимараттар-бұл ғимараттарды салу және пайдалану тәжірибесі, оның мақсаты ғимараттың бүкіл өмірлік циклі бойында энергия мен материалдық ресурстарды тұтыну деңгейін төмендету: учаскені тандаудан бастап жобалауға, салуға, пайдалануға, жөндеуге және жоюға дейін.

Жасыл құрылыстың тағы бір мақсаты-ғимараттардың сапасы мен олардың ішкі ортасының жайлылығын сақтау немесе жақсарту. Бұл тәжірибе классикалық құрылыс дизайнын беріктік пен жайлылықты үнемдеу ұғымдарымен кеңейтеді және толықтырады.

Жасыл ғимараттарды құрудың қазіргі тәжірибесінде жаңа технологиялар үнемі жетілдіріліп отырса да, бұл тәсілдің негізгі алаңдаушылығы ғимараттың қоршаған ортаға және адам денсаулығына жалпы әсерін азайту болып табылады, оған қол жеткізіледі:

- су энергиясын және басқа ресурстарды тиімді пайдалану;
- тұрғындардың денсаулығын қолдауға және қызметкерлердің өнімділігін арттыруға назар аудару;
- қалдықтарды, шығарындыларды және қоршаған ортаға басқа да әсерлерді азайту.

Аз масштабтағы табиғи құрылыстың ұқсас тәсілі табиғи жергілікті материалдарды пайдалану болып табылады.

3.Тәжірибелік бөлім.

Менің зерттеуім екі бөлімнен тұрады. Біріншісі, жасыл құрылыс технологиялары туралы колледжіміздің студенттері арасында сауалнама өткіздім, екінші бөлімде жасыл құрылыс технологияларының артықшылықтары мен кемшіліктерін өз бетімше талдап көрдім.

3.1 колледждің бірінші курс студенттері арасында сауалнама

Сауалнама нәтижелері диаграммалар арқылы көрсетілген (1-қосымша)

Сауалнамаларды талдау нәтижесінде мен келесі қорытынды жасадым. Студенттердің 62% "жасыл құрылыс" деген не екенін біледі. Ал жасыл құрылыстың қалай салынатыны жайлы өкінішке орай көп студенттеріміздің (75%) хабары жоқ екен, жасыл құрылыс технологиясын елімізде жүзеге асырып, дамытуға деген ойлары өте жақсы(93%), Студенттердің 85% өз үйлерін "жасыл құрылыс технологиясын" қолданып салуды құп көреді екен. Колледж студенттерінің арасында тұрғын үйлерді салуда жасыл құрылыс технологиясының не үшін қажет екенін түсінгісі келетін көптеген пікірлестермен кездескеніме өте қуаныштымын.

3.2 Экологиялық таза құрылыстың артықшылықтары мен кемшіліктері.

Жасыл құрылыстың сөзсіз артықшылығы-бұл қоршаған ортаға зиян келтірмейді, адам өміріне пайдалы әсер етеді, жайлылық пен сау экология адам өмірін жемісті және бақытты етеді. Жасыл құрылыстың жағымды жақтары:

- Қоршаған ортаға шығарындыларды азайту;
- Табиғи ресурстарды сақтау;
- Белмеде ауа сапасы, сондай-ақ жылу және акустикалық сипаттамалары бойынша қолайлы жағдайлар жасау;
- Денсаулық пен әл-ауқат үшін ең жақсы өмір сүру жағдайлары;
- электр энергиясы мен су шығындарына қатысты тиімдірек;
- жасыл құрылыс технологиясы бойынша ғимарат онда жұмыс істейтін адамдардың денсаулығын сақтауға ықпал етеді және еңбек өнімділігін жақсартады.

- мұндай құрылыс нысандары зиянды шығарындыларды, соның ішінде көмірқышқыл газын азайтады.

- уақыт өте келе мұндай ғимараттардың құны кейде өтеледі.

"Жасыл" құрылыстағы кедергілер

Осы саланы толыққанды дамытудың негізгі кедергілеріне осындай жобалардың жоғары өзіндік құнын жатқызуға болады. "Жасыл" құрылыс, әрине, рахат арзан емес.

Экологиялық таза ғимараттардың құрылысында ең жаңа инженерлік жүйелер қолданылады, бұл сөзсіз тұрғын үйдің шаршы метрінің орташа есеппен 10% - ға қымбаттауына әкеледі. Кейбір сарапшылар мұндай үйлердің жеке тұлғалар үшін өтелімділігі ондаған жылдарға созылады деп санайды.

Нәтижесінде адамдар энергияны үнемдейтін үйлерді сатып алуға асықпайды, ал инвесторлар бұл салаға ақша салмайды. Сондықтан елдегі

алғашқы "жасыл" жобалар мемлекеттік салымдар есебінен жүзеге асырылуы тиіс, ал тартылған инвесторлар үшін жеңілдікті жағдайлар жасалуы тиіс.

Экоқұрылысудың белсенді дамуының тағы бір кедергісі - халықтың осы бағыттың маңыздылығы туралы аз хабардар болуы. Мемлекетте ешқандай экологиялық нормалар адамдарға түсінікті және қызықты болмайынша толық көлемде жұмыс істемейді

Қорытынды

Заманауи "жасыл" құрылыстың басты міндеттерінің бірі-азаматтарды экологиялық таза мінез-құлыққа итермелейтін жағдайлар жасау.

Жасыл құрылыс-бұл біздің планетамыздың болашағы, ресурстарды ұтымды пайдалану олардың жаңаруына және жақсаруына әкеледі, нәтижесінде біз белгілі бір ресурстардың жетіспеушілігінен зардап шекпейміз.

Ғимараттардың құрылыс процесі және оларды пайдалану табиғатқа да, адамға да зиян келтірмейді. Жасыл құрылыс біздің өмірімізге оңай енеді деп үміттенеміз. 20 жылдан кейін біз жасыл құрылыс технологияларының стандарттары мен ережелеріне сәйкес келмейтін ғимараттарға таң қаламыз. Біз табиғи ресурстарды аз жұмсайтын немесе оларды мүлдем жұмсамайтын экологиялық таза үйде өмір сүреміз, денсаулығымыз бен планетамызға зиян келтірмей өмір сүреміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Yan Ji and Stellios Plainiotis (2006): Design for Sustainability. Beijing: China Architecture and Building Press. ISBN7-112-08390-7

2. Светлана Смирнова "жасыл" құрылыс-қарсы және қарсы. Сочи Сәулеті (30 Тамыз 2012). Архивировано из первоисточника 22 қараша 2012. 2 қараша 2012 тексерілді.

3. Жас-Жасыл. Экодевелопмент туралы ресейлік құрылыс нарығындағы үрдіс ретінде айту жасыл-жасыл құрылыс

4. Денис Зеликсон Ресейде "жасыл" технологияларды енгізу декларативті сипатқа ие. Gazeta.ru (31.07.12). бастапқы көзден мұрағатталған 22 қараша 2012. 2 қараша 2012 тексерілді.

5. Елена Денисенко-алғашқы тәжірибе. "Солтүстік-Батыс сарапшысы" №39 (585) (01 қазан 2012). Архивировано из первоисточника 22 ноября 2012. 2 қараша 2012 тексерілді.

6. Алексей Щукин Жасыл код бойынша өмір. "Сарапшы" №13 (796) (02.04.2012). Архивировано из первоисточника 22

Сілтемелер

- * Жасыл құрылыс жөніндегі кеңес (АҚШ) (ағылш.)
- * Экологиялық құрылыс жөніндегі кеңес (Ресей)
- * Медиаресурс Экологиялық Ресей
- * Жасыл құрылыс бойынша кеңес. (Россия)

Сауалнама алынған студенттердің жалпы саны 65

1. "жасыл құрылыс" деген не?



2. Жасыл құрылыстың қалай салынатыны жайлы білесіздер ме?



3. Жасыл құрылыс технологиясын елімізде жүеге асырып, дамытуға деген ойларың қандай?



4. Өз үйлеріңді болашақта осы жасыл құрылыс технологиясымен саларма едіңдер?



Солдан оңға қарай: Республикалық Қоғамдық бірлестіктің «New Football «Федерациясы» құрамы: Президенті Сергей Михайлович Шабалин-Семей, Бүркіт Бейсенаев-Қарағанды, Мұрат Оқасов-Семей, Арыстан Қапаев-Павлодар және тұрғандар: Мақсат Шотаев-Астана, Теміржан Әбішев- ойын иесі Алматы, Амангелді Рыспамбетов-Көкшетау қалаларынан келген өкілдері. Бұл суретте Федерация құрамының негізгі мүшелері- еліміздегі қала- облыс бас өкілдері, келісім -шарт жиынға 2014 жылы Семей қаласында Қазақстан Республикасы тоғызқұмалақтан жасөспірімдер чемпионатынан кейінгі отырыс.

8.Бұрыштама беру.

8.1.Өз ойыншыларың тепкен доп қақпадан тыс А-дан Р-ге дейін өтсе , бұрыштама беріледі.

8.2.Барлық ойыншылар орнында қалады, доп сол бұрышқа қойылады да, кез келген қарсылас ойыншысы, ауттан беру ережесі бойынша допты ойынға қосады.

9.Еркін доп тебу.

9.1.Егер доп қақпадан басқа А және Р әріптерінің арасын қиып өткен қарсылас добынан кейін еркін доп қақпашы алдына тебуге беріледі.

9.2. Доп қақпашы алдына қойылады да, қақпашы допты ойынға қосу керек. Қақпашаны өз орында болмаса, бастапқы тұратын, сол орнына қайта келуі тиіс.

10.Ойынан тыс қалу.

10.1. Айып алаңы бойы көлденең бөлікте қарсылас шабуылшысы кез-келген қорғаушыдың алдында тұрса, ойыннан тыс қалады.Яғни доп

қарсыласқа беріледі. Қарсылас кез-келген ойыншысын допқа жақын қойып, допты ойынға қосуы керек.

11. Айып доп соғу.

11.1. Ережені бұзғаны үшін айып добы беріледі.

11.2. Барлығы, яғни фигуралар мен доп та орындарында, жүріс қарсыластарына беріледі,

11.3. Доп алдында тұрған жағдайда, кез-келген ойыншы қойып, допты ойынға қосу керек.

12. Уақытқа ойнау.

12.1. Жалпы ойында шахмат сағатымен ойнауға болады.

12.2. Екі ойыншыға да, бірдей 10, 15, 20, 25, 30, 35 немесе 45 минуттан уақыт беріледі.

12.3. Уақыттан ұтылса, бір гол болып есептеледі.

12.4. Егер жүріс кезегіндегі бес қозғалысты 3 минутта орындалмаса, айып добы белгіленіп, кезек қарсыласқа беріледі.

Баяндамаға пайдаланған баспалар, әдебиеттер:

1. Шахмат, дойбы және тоғызқұмалақ. Талап Сұлтанбеков. Алматы 75 жыл.

2. «60 - сабақ» Әбділдә Ақшораев. Астана қаласы. 2016 жыл

3. Ардагерлер шахматы «Ақжолтай» №14-15 қазан 2019 ж. 6 бетте

4. «Құмаштың мектебі» мен «Өлімді женген өмір». Қумаш Нұрғалиевтің педагогикалық қызметі туралы кітаптар.

5. «Математика және логикалық ойындар» Мұрат Оқасов Семей 2015 жыл,

Қ.М. Слямбеков

«Құрылыс колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Д. Болатқызы

СӘУЛЕТШІ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Әр адамның бойында құрылысшының құдіретті күші бар, сол күш жер бетін тағзы да үлкен газжайыптармен байыту үшін, оның дамуына, гүлденуіне ерік беру керек.

Максим Горький

Құрылыс пен сәулет өнері – адамның алғаш пайда болуынан басталған көне кәсіп. Ғасырлар ауысса да бұл кәсіп әрдайым дамып, жетілуде. Оған мысал ретінде әлемнің түкпір-түкпіріндегі тарих қатпарларынан үн беретін көптеген ескерткіштерді айтуға болады. Соның бірі: адамзат өркениеті жасаған тарихи ескерткіш – Ұлы Жібек жолы. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол Еуропа мен Азияның, Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болған. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін тұсында VI ғасырдан бастап, екі бағыт: Сырдария және Тянь-Шань

жолдарының бағыттары кең өрістелген. Бірінші жол Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан, Қашғар арқылы Жетісуға, одан Сырдарияны жағалап, Арал маңынан әрі қарай Батыс елдеріне өткен. Бұл Ұлы Жібек жолындағы қазақ даласындағы елді-мекендердің мәдени дамуына, қалалар келбетінің өзгеруіне үлкен әсер етті. Сол замандарда сәулет-құрылыс кәсібі адамзатқа қаншалықты қажет екендігін дәлелдей түсті. Тарих қойнауынан өміршеңдігін мойындатып келе жатқан мамандық бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан емес. Әр заманда сәулетшілер қиялынан туындаған ғажайып ғимараттар құрылысшылар арқылы жер бетінен қоныс тапты.

Егемен елдің жерінде, Тәуелсіз елдің төрінде бүгінгі таңда әлемнің сәулеттік өнерімен иық тіресетіндей көз тартар көптеген ғимараттар жыл санап көбейіп келеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Жолдауында өскелең ұрпаққа бағыт-бағдар беріп, «Қазақстанның жас азаматтары! Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер, мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады» деп, қазіргі заманда техника мамандықтарын меңгерудің қажеттілігін нақты айтып өтті.

Болашақта дархан даламыз бен сұлу қаламыз төріне әлі талай болашақ ұрпаққа ұлттық нақышпен көркемделген, әлемдік сәулет өнерінің көрінісі ретінде ғимараттар салынуы тиіс. Сондықтан дала баласы да, қала баласы да сәулет-құрылыс мамандықтарының қаншалықты қажет екендігін біледі. Техникалық мамандықты игерген адамдардың жұмыссыз қалмайтындығын заман өзі дәлелдеп беріп отыр.

Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты.

Бүгінде қазақ жастарына кәсіби құрылысшы, сәулетші болуды армандайтын кез келді. Түлектері тәуелсіздік жылдарында Астананың ғажайып ғимараттарында қолтаңбасын қалдырған, еліміздегі құрылыс саласы майталмандарының қара шаңырағы – Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы тәуелсіздік тұсында бірінші болып сәулет мамандығы бойынша халықаралық сертификатқа қол жеткізген болатын.

Құрылыс саласының мамандары ғимараттар мен құрылымдарды тұрғызу кезінде материалдар мен технологияларды білуі, оларды тәжірибеде қолдана алу тәсілдерін орындай алу іскерлігі болуы абзал. Сонымен бірге, құрылыс жұмыстарының ережелерін, құрал-жабдықтар мен аспаптардың ерекшеліктерін, олармен жұмыстану кезінде техника қауіпсіздіктерінде білуі мен сақтану әрекеттерін орындау дайындығы жеткілікті болады. Осыған байланысты, үлкен бригадалық құрылыс алаңдарында бір іс-әрекетке мамандандырылған құрылысшы, өзінің еңбек түрін жан-жақты білуімен

бірге, құрылыста жасап жатқан басқа еңбек түрлері бойынша жалпы түсінігінің болуы да орынды. Шектеулі бригада да кәсіби еңбек ететін құрылысшы бірден бірнеше еңбек түрлері бойынша біліктілігінің болуын қажет етеді. Өйткені, кішігірім көлемдегі құрылыс нысандарын тұрғызу немесе жөндеу жүргізу барысында құрылыс маманы тас қалау, бетін тегістеу, бояу, ағаш материалдарымен жұмыс орындау сияқты. Бұл технологиялық процестер мен операциялар жеке тұрғын үйлерді салғанда, тұрғын үйлерді жөндегенде кеңінен кездеседі.

Мамандықтың сипаттамасы:

Құрылыс инженерінің басты міндеті прорабтікімен дәлмедәл сәйкес. Прораб секілді, құрылыс инженері құрылыс орынындағы жұмыстың бәрін жүргізіп, бақылап, уақытында тапсырып, эксплуатацияға беру. Бұдан басқа, инженерге кешенді проектилеудегі пайда болған мүшкілді (проблема) шешу — сәулет-дизайн жағынан бастап конструктив-коммунал жағына дейін. Инженердің мойнында құрылыс аумағының дайын болуы — жолдың ыңғайлылығы және сапасы, құрылыс материалдарының сақталуы, жұмысшылардың тұратын жері мен тамағы және т.б.

– Атқаратын ісі:кешенді проектилеу (сәулет, коммунал жүйелер, құрылыс жұмысының барысы, эксплуатацияға беретін уақытты белгілеу);

– құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру;

– геолог, геодезист секілді жанжақты мамандармен кездесіп кеңесу;

– құрылыс объектілерін көріп тұру, тексеріп жүру;

– құрылыс материалдарының сатып алынуы, керекті жұмысшыны жалдау.

Жұмыс орындары: мемлекеттік немесе жеке құрылыс компаниялары
Кәсіби шеберлігі: көпір, плотина секілді құрылыстардың архитектуралық қасиеттерін білу.

– қауіпсіздік жүйелерін білу (құрылыстың кезінде, эксплуатацияға берер алдында)

– құрылыс материалының сапасын білу.

Құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тамыз айының екінші жексенбісін «Қазақстан құрылысшылары күні» деп жариялады.

Тарихқа зер салсақ, қазақ даласында құрылыс ерте кезден-ақ дамыған. Оған кең байтақ жеріміздің қай өңірінде болмасын, ежелгі және орта ғасырлық қалалардың орын тепкені толық дәлел. Бірақ, жойқын соғыс, бүліншіліктер не істемеді? Дала өркениетінің жемісі – көптеген көрікті қалалар, сәнді сарайлар жойылып кетті. Тарихтағы осы олқылықтардың орнын толтыру содан бері оңай да болған жоқ. Бабалар дәстүрі өшпеді, оны осы заманғы сәулетші, құрылысшылар қауымы қажырлы еңбекпен жалғастырып келеді.

Архитектура, сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Архитектура латынша *architectura*, ал грекше *architekton*, яғни құрылысшы деген мағынаны білдіреді. Архитектура туындылары

адамның күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар: әр түрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер. Сәулет өнері – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері.

Ә. Сұлтанова

«Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: Тлеумбетова Г.К.

БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі заман талабына сай әр 2-ші адам интернетпен қолданады. Интернет арқылы адам өзіне керекті мәліметтерді, ақпаратты немесе сол интернет арқылы техникаға заказ бере алады. Бірақ бұл заттар ғана емес басқада көп заттарға қол жеткізе алады үйде отырып. Ал, егер адам ноутбук немесе компьютер арқылы кіретін боласа интернетке, ноутбукқа немесе компьютерге вирустар кіруі әбден мүмкін. Оларды жою әлде қайда қиын. Ноутбук немесе компьютерді арнайы жөндеу орталығына апарған дұрыс. Ол жерде сіздерге ішіндегі вирусты алып қана қоймай керекті антивирусты орнатып береді. Оны шығаратын адамдар программисттер. Программистер - түрлі приложениялар, компьютер не ноутбукқа керекті заттарды орнатып жөндейді.



